



Алхан Бóкеіхан: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTOĞAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»


1938 жылдың 15 тамызынан
бастап шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 19-20 (7962) 24 мамыр, Жұма 2024 жыл

aktogai_red@mail.ru



Президент реформасы – өміршең өзгерістер

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялағаны баршаға мәлім. Сан саланы түгел қамтыған Жолдауда

Президент Жолдауындағы тағы бір баса назар аударатын мәселе – су ресурстарының тапшылығы. Расында еліміз үшін судың маңызы мұнай, газ немесе металдан кем емес екенін осы жаздағы құрғақшылық көрсетіп берді. Мемлекет басшысы су шаруашылығы жүйесін тиімді дамыту мәселесімен дербес мекеме айналысуы қажет екенін, Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылатынын, Ұлттық гидрогеология қызметі қайта жұмыс

Жолдау көңілдерге сенім ұялатты

елдегі түйткілді мәселелердің, әр саладағы кемшін түсіп жатқан проблемаларды шешу жолдары айтылды. Соның ішінде кадр даярлау ісіне және жоғары білім беруге тоқталып өтсем. Оқытудың онлайн жүйесі – білім берудің қолжетімділігін арттыра түсетіні сөзсіз шындық. Президент атап өткендей, бәріне бірдей білім беру үшін интернет жылдамдығы жоғары және білім берудің цифрлы ресурстары тегін әрі қолжетімді болуы шарт. Жолдауда Мемлекет басшысы білім беру жүйесі еңбек нарығының сұранысына қарай өзгеріп отыруы керектігін баса айтты. Ұлттық экономиканың бірқатар саласында кадр тапшылығы қатты сезіліп отырғаны – жасырын емес. Техникалық және жұмысшы мамандардың жетіспей жатқанын өнеркәсіп саласының басшылары айтудай-ақ айтып келеді. Сондықтан, жоғары оқу орындары осы салаларға қатысты білім беруді дұрыс жолға қоюы керек деп есептеймін.

істейтінін айтты.

Бұл – Жолдауда Президент Ел әлуеті айқын көрінетін әлеуметтік салаға келгенде, Мемлекет басшысы балалар мен жастарға айрықша тоқталды. Бастапқы білім беру капиталы мен жыл сайынғы мемлекеттік сыйақы және инвестициялық табыстың түбегейлі қаралуын міндеттеді. Жолдауда айтылған көп міндеттің ішінде «Отбасы банк» қызметін қайта қарау, басты назарды аудандар мен моно-қалаларға, ауылдарға аудару бар. Сондай-ақ ел ішіндегі 21 банктің қатарына бөсекені арттыру үшін сенімді деген үш шетелдік қаржы ұйымын тарту ұсынылды. Президент «аталған міндеттің бәрі үш жыл ішінде жүзеге асын» деді.

Кемел келешегімізде саяси-экономикалық өзгерістерге бағдар беретін Жолдау көңілдерге сенім ұялатты.

Ә.Үйсінбаева,
Нүркен ауылдық округі
әкімі аппаратының бас
маманы.

*Аудан әкімдігінде

Келелі кеңес өтті

23 мамыр күні Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты, бюджет және жергілікті басқару мен өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі тұрақты комиссияның мүшесі Рысқали Әбдікерев Ақтоғай ауданына жұмыс сапармен келді.

Аудан басындағы әлеуметтік маңызы зор нысандарды аралап, білім ордаларына ат басын тіреді. Мұнан соң аудан әкімінің мәжіліс залында Ақтоғай ауданы бюджетінің кіріс бөлігін ұлғайту мәселесі бойынша кеңес өткізіп, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен кездесті. Жиынға қаржы басқармасының бөлім басшысы Д.Серікбаева, экономика басқармасы экономиканы дамыту бөлімі басшысының міндетін атқарушы А.Кошегулов, облыстық мәслихаттың депутаттары Ж.Серікұлы мен А.Аманжолов, облыстық мәслихатының бас инспекторы Қ.Шайкенов, аудандық мәслихат депутаттары, мекеме, бөлім басшылары мен кент, ауылдық округ әкімдері қатысты.

Басқосу барысында Ақтоғай ауданы мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Д.Дүйсетаев кірістер басқармасының 2024 жылдың басынан салық салынатын базаны кеңейту және бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс туралы ақпарат берді.

«Жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша декларация» бойынша

2023 жылдың 1,2,3 және 4 тоқсандары үшін ірі көлемде 7 салық төлеушілерден барлығы 29,9 млн.теңгеге қосымша салық есептеліп бюджетке өндірілді, оның 16,0 млн. теңгесі «Жеке табыс салығынан» болса 13,9 млн. теңге «Әлеуметтік салық».

Д.Ұлтыкеев баяндама жасады Жиынды қорытындылаған Р.Әбдікерев:–Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында елдегі саяси өзгерістердің бастауы азаматтардың жергілікті өзін-өзі басқару ісіне тікелей қатысты екенін атап көрсетті.



Сондай-ақ, камералдық бақылау барысында жергілікті бюджетке қосымша 3996,8 мың. Теңге есептеліп толықтан өндірілді. Салық берешектерін өндіру барысында жергілікті бюджетке 56,8 млн.теңге қосымша түсім қамтамасыз етілді. Республикалық бюджетке жыл басынан 689,8 млн.теңге қосымша түсім қамтамасыз етілді. Оның ішінде 473,1 млн.теңге ПҚӨС, 212,6 млн.теңге ҚҚС, 4,1млн.теңге КТС, – дейді Д.Дүйсетаев баяндамасында.

Сонымен қатар ауданның экономика және қаржы бөлімінің басшысы П. Темірбек, Ақтоғай ауылының әкімі

Демократиялық қоғамды дамытудың алғышарттарының бірі – жергілікті өзін-өзі басқару мәселесін жетілдіру – еліміздің тарихында күн тәртібінен түспей келе жатқан маңызды мәселе. Қазіргі кезде қай мемлекеттің де әл-ауқаты жалпы ұлт әлуетін және жекелей алғанда азаматтардың мүмкіндіктерін тиімді пайдаланумен айқындалады. Сол себепті де көптеген дамыған елдер жергілікті өзін-өзі басқару үлгісін жетілдіруге ұмтылып жатқаны уақыт алға тартып отырған табиғи қажеттілік, – деп атап өтті.

Думан ҚАБЫЛ.



AQTOĞAI AJARY

2024 жылдың II жартыжылдығына жазылыңыз!

Аудан өмірінің айнасы, ауданымызда жарық көретін жалғыз басылымды қолдаңыз, ағайын!

aktogai_red@mail.ru

Aktogai_ajary

www.facebook.com/a.ajary.kz

Газетке «Қазпошта» аудандық, ауылдық бөлімшелері және Kaspi GOLD арқылы жазылуға болады.
Тел: 8-708-547-43-03 Kaspi GOLD

Жеке жазылушылар үшін
индексі – 65031,
6 айға – 2457,30 теңге.
Мекеме, ұжымдар үшін
индексі – 15031,
6 айға – 2957,28 теңге.

Біздің мекен-жайымыз:
Ақтоғай ауылы, Абай
кошесі, 1 А.
Анықтама телефондары:
2-18-81, 2-15-39.

Ескерту: Kaspi GOLD арқылы жазылған абоненттің аты-жөні, ИИН мен мекен-жайы көрсетіліп, төлемнің скрин-нұсқасын жіберу керек.



Жайылым туралы заңға өзгерістер енгізілді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жайылымдарды пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойғаны баршаға мәлім. Бұл құжат жайылымдарды басқару және пайдалану саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған. Түзетулер 5 заңнамалық актіге, оның ішінде Жер, Орман кодекстеріне енгізілді. Түзетулердің бірінші блогы жекелеген адамдардың малын жаюға арналған жайылымдық алқаптардың тапшылығын жоюға бағытталған.

Осы мақсатта Жер кодексіне және «Жайылымдар туралы» заңға жайылымдардың жаңа түрі, яғни «қоғамдық жайылымдар» ұғымы енгізілді. Қоғамдық жайылымдар тек жергілікті тұрғындардың малын жаюға пайдаланылады. Олар жалға берілмейді.

22 мамыр күні Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдаған Жолдаулары бойынша және жайылым мәселесі жөнінде жер заңнамасына енген

кейбір өзгерістерді түсіндіру мақсатында Қарағанды облысы жер қатынастары басқармасының басшысы Н.Ламбеков және аудан әкімінің орынбасары С.Амралиннің



қатысумен жиын өтті. Жиынға кент, ауыл, ауылдық округ әкімдері мен бөлім басшылары және қоғамдық кеңес төрағалары қатысты.

–Қоғамдық жайылымдарды, сондай-ақ жайылымдарды ауыл

шаруашылығы алқаптарының басқа түрлеріне ауыстыруға тыйым салынды. Мал шаруашылығы және мал жаю үшін уақытша өтеусіз жер пайдалану нормасынан (5 жылға)

конкурстық жер алу мүмкіндігі алынып тасталды. Бұл мақсаттар үшін жер конкурстық тәртіппен ғана беріледі.

Ормандардың ресурстық әлеуетін тиімді пайдалану үшін орман

табиғатты қорғау мекемелері жыл сайын әкімдіктерді бос емес және бос алаңдардың нақты орындарын көрсете отырып, шөп шабуға және мал жаюға болатын орман қорының учаскелері туралы хабардар етеді. Түзетулердің екінші блогы жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарларды әзірлеу және бекіту жөніндегі талаптарды жаңартты. Түзетулердің үшінші блогы жайылымдардың деградациясы мен шөлейттенуіне, сондай-ақ оларды суландыруға қарсы күрес тетіктерін күшейтті. Атап айтқанда, жайылымдардың жай-күйін қалпына келтіру және жақсарту үшін жайылымдарды геоботаникалық зерттеу, мониторингтеу, түгендеу және өзге де шаралар көзделген, - дейді жайылымдарды пайдалану мәселелері бойынша енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы сөз еткен Н.Ламбеков.

Сонымен қатар жер пайдаланушылар мен меншік иелеріне топырақ құнарының жойылуына жол бермеу, жер түріне сәйкес ауыл шаруашылығы жерлерін мақсатты пайдалану міндеті енгізілген.

Думан ҚАБЫЛ.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 113-5 бабы 9 тармағына сәйкес 09.06.2024 жылға тағайындалған Ақтоғай ауданының Абай, Сарытерек ауылдық округтерінің әкімдігіне кандидаттарды тіркеу қорытындысы туралы Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

Абай ауылдық округі бойынша

1.Игибеков Нұртілек Ерменбетұлы, 1991 жылы туған, бас маман, «Сарытерек ауылдық округі әкімі аппаратының» ММ, тұрғылықты жері Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылдық округі, Сарытерек ауылы, ұлты қазақ, өзін-өзі ұсынған, тіркелген күні 19.05.2024ж.

2.Майлыбаев Ердос Рахметол-лаұлы, 1972 жылы туған, кооператив төрағасы, «Алаш Агро» АӨК, тұрғылықты жері Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Абай ауылдық округі, Абай ауылы, ұлты қазақ, «Аманат» партиясы ұсынған, тіркелген күні 17.05.2024ж.

3.Смағұлов Нұрбол Нұрмбекұлы, 1980 жылы туған, персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) бөлімінің басшысы, «Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты» ММ, тұрғылықты жері Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, ұлты қазақ, өзін-өзі ұсынған, тіркелген күні 19.05.2024ж.

Сарытерек ауылдық округі бойынша:

1.Алибаев Алтай Баймағанбетұлы, 1985 жылы туған, басшы, «Ақтоғай ауданының ішкі саясат бөлімі» ММ, тұрғылықты жері Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, ұлты қазақ, өзін-өзі ұсынған, тіркелген күні 19.05.2024ж.

2. Омарбеков Данияр Төлегенұлы, 1983 жылы туған, мемлекеттік қызмет көрсетуді бақылау бөлімінің басшысы, «Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты» ММ, тұрғылықты жері Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, ұлты қазақ, өзін-өзі ұсынған, тіркелген күні 19.05.2024ж.

3. Серкебаев Қанат Рахметоллаұлы, 1973 жылы туған, әкім, «Сарытерек ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, тұрғылықты жері Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызылжар ауылдық округі, Ақжарық ауылы, ұлты қазақ, «Аманат» партиясы ұсынған, тіркелген күні 17.05.2024ж.

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.

*Мәдени мұра

Мәдениет – ұлттың мәйегі

«Мәдениет ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, ақыл-ойы, парасаты» деп дана халқымыз тек айтпаса керек. Қарап отырсақ, жер бетіндегі өркениетті елдер ең алдымен тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанып, тек өздерінің төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылып жатады. Осындай халықтардың қатарына өзімізді яғни, қазақ халқында жатқыза аламыз. Олай дейтінім, үш мың жылдық дала өркениетінің ұйтқысы болған халқымыз Алтайдан Дунайға дейінгі алып сахараның мәдениеті мен өркениетінің кең қанат жаюына өз үлесін қосқаны ықылым заманнан белгілі. 21 мамырда еліміздегі мәдениет және өнер саласындағы қызметкерлердің кәсіби мерекесі атап өтіледі. Атаулы күн Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың Жарлығына сай 2013 жылдан бастап тойланып келеді.

Өткен сейсенбіде мәдениет және өнер қызметкерлерінің күніне орай аудан орталығы Ақтоғай ауылындағы «Алаш» алаңында мерекелік концерт өтті. Шараға аудан әкімі Руслан Кенжебеков қатысып, мәдениет және өнер мекемелері – музей, кітапхана, кент, ауылдық округ клуб қызметкерлерін мерекемен құттықтап, ризашылығын білдірді.

– Бүгінде ауданымызда мәдениет және өнер мекемелерінің шығармашылық бағытта дамуына, қолайлы жағдайда еңбек етуіне, үлкен белестерді бағындыруға аудан әкімдігі тарапынан барынша қолдау көрсетіліп отыр. Ақтоғай кешегі Өсет,

Аққыз, Күләш, Манарбек, сынды белгілі тұлғалардың туған жері. Бүгінде осындай киелі жерде туып, білім алып, туған жердің мерейін көтеріп жүрген өнерпаздарымыз да баршылық. Мұның барлығының астарында тынымсыз еңбек пен ізденіс жатыр. Сіздердің еңбектеріңіз лайықты бағасын алып келеді. Біз, жергілікті атқарушы



орган, сіздердің жаңа идеяларыңыз бен тың жобаларыңызды әрдайым қолдауға дайынбыз, – деді өңір басшысы.

Бұл күні аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары ән-жырдан шашу шашып, Ақтоғай ауылы аспанын әсем әнге бөледі. Мың бұралған бишілер көрермен көзайымына айналса, күміс көмей, жез тандай өнерпаздардың «Құлақтан кіріп бойды алған» әуезді ән, күбірлеген күйі ауыл тұрғындарына ерекше бір рухани кеш сыйлады.

С.Макаева,

Ақтоғай ауылы әкімі аппаратының бас маманы.

* Президент тапсырмасын орындай отырып

Көктемнің бір күні жылға азық

Ақтоғай ауданы, Кежек ауылдық округіне қарасты «QAZAQ MEAT» ЖШС жалпы құны 138 млн теңгеге «АгроМашХолдинг» АҚ ұйымынан отандық «LOVOL» маркалы 11 донғалақты трактор сатып алды.

Ауыл шаруашылығы техникасы паркін жаппай жаңарту – өзекті мәселе. Осыны ескерген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында ауыл шаруашылығына айрықша назар аударған болатын. «Қазір ауыл шаруашылығы техникасының 80 пайызы тозып тұр. Сондықтан жыл сайын оның 8-10 пайызын жаңартып отыру қажет. Бұл ретте еліміздегі техника өндірушілер мен шаруалардың да мүддесін ескерген абзал» деген Мемлекет басшысы ауыл-аймақты дамыту үшін шағын шаруашылықтарды қолдау керек екенін жеткізді.

Президент тапсырмасына орай Ақтоғай ауданында ауыл шаруашылығы техникаларын жаңарту мақсатында біршама жұмыстар қолға алынған. Соның айқын бір көрінісі «QAZAQ MEAT» ЖШС-нің директоры Бекболат Қожабаев инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мақсатында Қостанай қаласынан қозғалтқыш күші әр түрлі көлемдегі «LOVOL» маркалы 11 донғалақты тракторын сатып әкелді. Сонымен қатар серіктестік егістікке, қысықы мал азығын дайындауға қажетті техникаларын жаңартқан.

16 мамыр күні Ақтоғай ауданы әкімінің орынбасары Серік Амралин іс сапармен аталған серіктестікке арнайы

барып, шаруашылықтың жүргізіп жатқан жұмыстарымен танысып қайтты. Аудандағы мемлекеттік бағдарламалардың жемісін көріп отырған бұл шаруашылықтың жұмысы жүйелі.

Аталған серіктестік негізінен асыл тұқымды мал шаруашылығымен шұғылданады. 1861 бас жылқы, ангус тұқымды 516 бас ірі қара, 4 мыңға жуық қой малын өсіруде. Шаруашылық иелігінде 30,0 мың гектар жайылым-



дық және шабындық жері бар. Шаруашылық иесінің айтуынша қолда бар мал басын қыс айларында күтіп ұстау үшін 2000,0 тонна ірі сабақты мал азығы мен 100,0 тонна құрама жем қажет.

– Жаңа техника сапалы мал азығын мезгілінде дайындаудың кепілі. «Көктемнің бір күні жылға азық» демекші сақадай сай техника

көктемгі егін егу, егіс алқаптарына тыңайтқыштар себу, өсімдік зиянкестерімен күрес жұмыстарын, күзгі орақ науқанын уақытында іске асыруға мол мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда Жидебай ауылдық округіне қарасты «Тәуекел» шаруа қожалығы да арнайы егістік жұмыстарын жүргізу мақсатында «ҰТО» маркалы трактор сатып әкелді, – дейді аудан әкімінің орынбасары С.Амралин.

Сонымен қатар аудан әкімінің орынбасары С.Қабылұлы бұл күні Кежек ауылдық округінде болып тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Тұрғындар тарапынан қойылған жер мәселесі, шаруа қожалығын құру, мал жайылымдары, егін алқаптары туралы сұрақтарға жауап берді.

Думан ҚАБЫЛ.

Бірлікті ту еткен мекен

«Біз үшін ең маңыздысы – әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезіне алуы. Оның басты көрінісі – елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық. Сондай-ақ, халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы және жастардың болашаққа нық сеніммен қарауы».

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кез келген өңірдің таза, жанға жайлы көз тартарлықтай болып жайнап тұруы – ең алдымен сондағы тұрғындардың экологиялық белсенділігіне және туған өлке табиғатына жанашырлығына тікелей байланысты. Осы мақсатта Ақтоғай өңірінің аумағын абаттандыру, көгалдандыру мақсатындағы жүйелі жұмыстар өз жалғасын табу үстінде. Қазір бұл жұмыстар ауданға қарасты барлық ауылдық округте белсенділікпен атқарылуда. Бұл жұмыстарға «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясының тигізіп отырған орасан зор пайдасын баса айтуға тиіспіз.

Осыған орай өткен сенбіде Қызыларай ауылдық округінде игілікті шара ұйымдастырылды. «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясының аясында елді мекен орталығындағы «Жастар саябағына» ауыл тұрғындары мен жастар бірлесіп ағаш көшеттерін отырғызды.

Аға буын мен жас буын өкілдерінің басын қосып, ой-пікірлері мен күшін бір арнаға тоғыстарған игілікті іс-шараға аудан әкімі Руслан Кенжебеков қатысты. Өңір басшысы өз сөзінде, игі істің басынан табылған қызыларайлықтарға алғыс білдіріп, жалпы табиғатқа жанашыр болып, қоршаған ортаға қамқор болудың елдік тұрғыдан маңызы зор екенін айтты. Ұрпақтар сабақтастығы салтының желісі үзілмей келе жатқанына қуанышты екенін жеткізіп, игілікті шаралардың жалғасын таба беруіне шын жүректен тілектестік білдірді.

Ізгі амалдың басы-қасынан табылып, жастарға өнеге

мен тура жолды көрсетіп, бабалар дәстүрін жаңғыртуға келген ақсақалдар ағаш көшеттерін егу барысында жастарға өнегелі сөздерін айтумен бірге, жалпы ағаш көшетін отырғызу сауапты әрі пайдалы іс екенін айтып, жиналғандарға жақсылық тілеп, ақ баталарын жаудырды.

Бұл туралы Қызыларай ауылдық округінің әкімі Серікбол Спанов: – Қызыларай ауылдық округінің бүгінде тұрмысы жайлы. Ел әлеуетін арттыруда ауылдан түлеп ұшқан перзенттері де атсалысуда. Ауызбіршілігі берік ауылдың тұрғындары мен тумалары жуырда ғана тағы бір ізгілікті істі қолға алып, ұйымшылықтың үлгісін танытты. Туған ауылының баянды болашағын көксеген қызыларайлықтар елді мекенді дамыту үшін кешенді жоспар құрып, бірлесе жұмыс атқарамыз деп уағдаласып отыр. Бұл әрине қуантарлық жағдай. «Ауылына қарап, азаматын таны» деген осы шығар. Береке-бірліктің қаймағы бұзылмаған, татулық пен тұрақтылықтың бесігіне айналған ауылымызды елін сүйер арда азаматтардың мекені десек қателеспейміз. Туған жерді түлетуге тамшыдай болса да әр кез үлес қосқан азаматтардың жасаған жарқын ісі көңіл қуантады, – дейді.

Адам қай қоғамда да толыққанды өмір сүруі үшін бекем бірлік пен өзара сыйластық қағидалары ауадай қажет. Дана халқымыз осындайда «Берекені көктен тілеме, бірлігі мол көптен тіле» деп өскелең ұрпағына өнеге қалдырған. Адамсаң да көппен бірге адасып, көппен бірге даңғыл жол табасың. Бұған ешкім де қарсы дау айта қоймас. Қазақ елін алып бәйтерекке тенесек, еліміздің ырыс, ынтымағын арттырып отырған ауылдар сол бәйтеректің мәуелі бұтақтары іспетті. Қызыларай жері де елдің ырысын еселеп, ынтымақ пен бірліктің ерен үлгісін көрсетіп келеді.

Думан ҚАБЫЛ,
Қызыларай ауылы.

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі – осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ

демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын-алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілейді.

Ақтоғай аудандық сотында алға қойып отырған міндеттерді жүзеге асыруға, қызметкерлері арасында қатерлі дертке жол бермеуге баса назар аударылып отыр. Теріс әрекеті бүкіл ұжымға кері әсерін тигізбеуі үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар атқарылуда.

Қорыта келгенде сыбайлас жемқорлық бірталай экономикалық заңдардың іс-әрекетін төмендетеді және әлемдік қауымдастықтың алдында елдің беделін түсіреді, оған тиімді шетел инвестиция жолында басты кедергі болып табылады. Адал және әлеуметтік бағытталған бизнес нарықтан ысырылады, себебі сыбайлас жемқорлық мұндай бизнесті тиімсіз етеді.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Н.Ибраев,
Ақтоғай аудандық сот
әкімшісінің басшысы.

Қазақстан Республикасының Заңы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы»

I-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) кеңес – халықтың еркін білдіретін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды айқындайтын және олардың аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ аумағында жүзеге асырылуын бақылайтын жергілікті өзін-өзі басқару органы;

2) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары қалыптастырылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

3) жергілікті өзін-өзі басқару – халықтың тікелей, оның ішінде мәслихаттар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы, халық 2 топтары жинақы тұратын аумақтарда жергілікті маңызы бар мәселелерді осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен өзінің жауаптылығымен және жергілікті қоғамдастықтың мүдделерінде шешуге қатысу нысаны;

4) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық мүлкі – аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің мүлкі, оның ішінде аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің қаражаты, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық заңды тұлғаларына бекітілген және (немесе) бекітілмеген мүлік;

5) жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелерін салааралық және ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

6-бап. Осы Заңмен реттелетін жергілікті маңызы бар мәселелер

1) жергілікті маңызы бар жолдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

2) қоғамдық пайдалану орындарына абаттандыру, жарықтандыру және көгалдандыру;

3) бос уақытты ұйымдастыру үшін жағдайлар жасау;

4) коммуналдық қалдықтарды бөлек жинауды ұйымдастыру;

5) тарихи-мәдени мұраны сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, тарихи, ұлттық және мәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды дамытуға жәрдемдесу;

7) жер пайдалануға байланысты мәселелер;

8) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында жарнама орналастыру;

9) дене шынықтыру мен спортты дамыту үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

10) төтенше жағдайлардың, оның ішінде әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

11) коммуналдық мүлікті басқару;

12) кооперацияларды ұйымдастыру;

13) «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттелетін елді мекендер санаттарының, шекараларының және атауларының өзгеруі;

14) өз құзыреті шегінде елді мекендерді сумен жабдықтауды және су пайдалану мәселелерін

реттеуді ұйымдастыру;

7-бап. Жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті органның міндеттері

1) жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты қалыптастырады;

2) жергілікті өзін-өзі басқаруды мәселелерін реттеуге бағытталған нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді.

8-бап. Жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері бойынша жергілікті өкілді және атқарушы органдардың міндеттері

1. Жергілікті өкілді және атқарушы органдар жергілікті өзін-өзі басқарудың қалыптасуы мен дамуы үшін қажетті құқықтық, ұйымдастырушылық және өзге де жағдайларды жасайды, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес халықтың жергілікті өзін-өзі басқару құқығын жүзеге асыруына жәрдем көрсетеді.

2. Жергілікті өкілді органдар аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін лауазымға сайлауға және лауазымынан босатуға, елді мекендердің әкімшілік-аумақтық құрылысын өзгертуге және жергілікті маңызы бар өзге де мәселелерге байланысты мәселелерді шешуде жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара ісқимыл жасайды.

9 бап. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің құзыреті

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі:

1) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихатымен, мемлекеттік органдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, ұйымдармен және азаматтармен өзара қарым-қатынастарда тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің атынан өкілдік етеді;

2) кеңеске есеп береді, жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуді қамтамасыз етеді;

2. Әкім Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған тәртіппен және мерзімде халықпен тұрақты кездесулер өткізеді.

3. Әкім жоғары тұрған әкім, кеңес алдында құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша, өзіне жүктелген міндеттердің іске асырылуы үшін жауап береді.

4. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің құзыретіне бюджет жобасын әзірлеу, бюджетті жоспарлау және атқару, кенеске бюджеттің атқарылуы туралы есепті ұсыну жатады.

4) азаматтардың жолданымдарын, арыз, шағымдарын қарау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша шаралар қолдану;

5) жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламасын әзірлеу және оны жергілікті қоғамдастық жиынымен келісу бойынша кеңестің қарауына және бекітуіне ұсыну;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кеңеспен келісім бойынша коммуналдық мүлікті басқару;

7) жергілікті бюджеттен жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мемлекеттік мекемелерін қаржыландырудың жеке жоспарларын бекіту;

8) аудан әкімімен және кеңеспен келісу бойынша апаттық тұрғын үйлерді бұзуды ұйымдастыру;

9) жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды іске асыру;

10) автомобиль жолдарын, елді мекендердің көшелерін, сумен жабдықтау желілерін дамыту және күтіп ұстау;

11) инфрақұрылымды абаттандыру, оның ішінде елді мекендерді, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту, сондай-ақ қоғамдық орындарды сыртқы безендіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

12) туысы жоқ адамдарды жерлеуді ұйымдастыру және зираттар мен өзге де жерлеу орындарын күтіп-ұстау;

13) мәдениет мекемелерінің қызметін қамтамасыз ету және тарихи және мәдени мұраны сақтау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

14) кеңеспен келісу бойынша елді мекен жерлерінде мал жаятын орындарды айқындау;

15) коммуналдық қалдықтарды бөлек жинауды ұйымдастыру;

12-бап. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты

1. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратын аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі құрады, таратады және қайта ұйымдастырады, жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекеме болып табылады және аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық мүлкіне жататын объектілерді салу, реконструкциялау және жөндеу бойынша тапсырыс беруші болады. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі мен әкімі аппаратының қызмет Регламентін және оның құрылымын кеңес бекітеді. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі мен әкімі аппараты қызметінің Үлгілік регламентін жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

2. Әкім аппараты аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде құрылады. Әкім аппараты халық саны кемінде 500 адам болатын ауылдарда, ауылдық округтерде құрылады. Халық саны кемінде 250 адам болатын ауылдарда әкім аппаратын құруға мынадай талаптардың біріне сәйкес келгенде жол беріледі: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан 25 километрге дейін қашықтықта орналасуы; 50 километр радиуста тиісті ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) басқа елді мекенінің болмауы.

3. Әкім аппараты аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің және кеңестің қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыруға міндетті.

4. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі өкілеттіктерінің тоқтатылуына, жаңа әкімнің тағайындалуына немесе сайлануына байланысты аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының мемлекеттік қызметшілері қызметінің мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

5. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының міндеттері: 1) коммуналдық қазыналық кәсіпорындар өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын айқындау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

2) жерлеу және қабірлерді қарап-күту жөніндегі істі ұйымдастыру қағидаларына сәйкес қабірге арналған жер учаскелерін есепке алу мен тіркеуді жүргізу;

3) ақылы негізде көрсету үшін көрсетілетін қызметтер түрлерінің тізбесін әзірлеу;

4) кеңес қызметін қамтамасыз ету;

5) өзіне осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктер.

Ақтоғай ауылы әкімі аппараты.

Сыңғырла соңғы қоңырау!



Құрметті жас тұлғалар Дина Кеңесқызы, Ақмарал Айдоосқызы!

Сендерді мектеп бітіру салтанатымен құттықтаймыз. Үлкен өмірге аттаған қадамдарыңа гүл бітсін. Алдағы өмірлеріңде тек сәттіліктер серік болсын. Жолдарың ақ, көңілдерің көтеріңкі болып, алдағы сынақтардан сүрінбей өтіңдер. Еліміздің өркендеуіне күш салатын мамандықтардың иесі атанып, ата-аналарыңның, білім берген ұстаздарыңның мақтанышы болады деген сенімдеміз.

Сендерсіңдер – болашақтың тірегі,
Сендерсіңдер – туған жердің жүрегі.
Сендер оқып, білім алған мектептің,
Бүгін, міне, атандыңдар тұлғеі.

Ақ ниетпен: Ерлік-Назираш, Сербол-Эльвира, Талғат-Сымбат, Амангазы-Дария, Нұрбек-Айна, Еркебұлан-Әсем, Нұрлан-Айнагүл, Сәулет-Саягүл, Асхат-Жұлдызай, Абзал-Бағдат, Барқыт, Айдын-Жанбота.



Құрметті мектеп бітіруші Молдаш Мөлдір Ілиясқызы!

Сені өмір жолыңның ең бірінші қадамы сауатыңды ашып, хат танытып, сана-сезіміңді адами қасиеттермен нәрлендірген алтын ұя мектебіңді бітіуіңмен шын жүректен құттықтаймыз.

Алға қойған арман-мақсаттарыңа кедергісіз жетуге, сынақтан сүрінбей өтіп, қалаған мамандық иесі болуыңа Алла жар болсын. Ағайын-туыстың арасында гүлдей жайнап жүре бер. Жолың ақ болып, алар асуларың биіктен болсын.

Соғылған соңғы қоңырау,
Серпін берсін бойыңа.
Тілейміз ақ жол алдыңа,
Сынақтардан мойыма.

Ізгі ниетпен: Сатанов Молдаштың әулеті.



Құрметті жас тұлғалар Дәкәрім Ақмарал Елдосқызы!

Бүгінгі күні алтын ұя мектебіңмен қоштасып үлкен өмірге қадам басқалы тұрсың. Алдағы уақытта осы аттаған қадамың сәтті болып, алдыңа қойған арман-ақсатарыңның

биігінен көрінуіңе тілектеспіз. Келешегің кемел, алар асуларың биік болсын. Бейбіт аспан аясында әрдайым тугандарыңның үкілеген үмітін ақтап, мақтанышы бол.

Балалығың өтті міне, байқалмай,
Нұры болғын шаңырақтың жайқалған.
Алда – асу, армандарға жете бер,
Қабыл болып, ақ тілектер айтылған.

Тілек білдірушілер: Стамқұлов Күлтебайдың әулеті



Құрметті мектеп бітіруші жас тұлғалар Есенбай Ақбота!

Көктемнің гүліндей боп құлпырып, жүрегінен арманға деген жыр тұнып, әулетін қуанышқа бөлеген, кешіе ғана тарыдай болып кіріп, бүгін өзінің сүйікті мектебіңнен таудай болып шығып отырсың. Сені мектеп бітіруіңмен шын жүректен құттықтаймыз. Сен үшін бүгінгі қағылар соңғы қоңырау үні балдәурен балалығыңның артта қалып, жауапкершілігі мол азаматтық биікке көтерілгендігіңнің ескертпесі сияқты. Аңсаған арманыңа жетіп, үлкен өмірге қадам басқан болашағың сәтті болсын. Биік шыңдарды бағындырып еліміздің өркендеуіне мол үлесіңді қос. Қадамың құтты болсын. Ең басты байлық денсаулығың зор болсын.

Балалық шақ, қызықтар көп мектебіңде,
11 жыл білім алып көктедің бе.

Бүгін, міне, болашаққа қадам бастың,
Қуанамыз арманыңа жеткеніңе.

Ақ тілекпен: Қазтай, Амантай, Сәке, Серікжан, Дәулет, Елнұр, Мақпал, Бағдат, Шара, Жаңагүл, Зәуре, Гүлназ, Ләйла, Есенгүл




Аса құрметті мектеп бітіруші тұлғалар Боранқұл Ерасыл Дәуренұлы, Әли Құрманұлы, Ақжол Талғатұлы!

Сендерді алтын ұя мектепті тәмамдап, үлкен өмірге қанат қаққан сәттеріңмен шын жүректен құттықтаймыз. Құлынашақтар бастысы денсаулықтарың мықты болсын. Үлкен өмірге қадам басар

сәттегі сынақтардан сүрінбей өтіп, қалаған мамандық иесі болыңдар. Ата-аналарың, туған елдерің сендерді мақтан тұтатын болайық. Биік-биік белестерден, жеңіл өтіп ұлтжанды азаматтар болыңдар.

Ақ жол жас тұлғалар,
Тұлғалар, ашық болсын таңдарың,
Ұлы жол ғой сендердің де таңдарың.
Ұлылар салған білімнің көпірімен,
Талай биік бағындырар шыңдарың.

Ақ тілекпен: Самат, Мүсіркеп, Жетпіс, Абзал, Рахман, Төлөубай, Сәкен, Серік, Ержан, Балқашбек, Ардақ, Жоламан, Перизат, Жока, Марлен, Бейбіт, Нұриманның отбастары



Құрметті мектеп бітіруші жас тұлғалар Сағдат Асанәли Маратұлы, Серікова Аяулым, Бақдәулет Ислам Берікұлы, Қабдолла Гүлім Сағдатқызы, Жумадилова Зере Болатқызы!

Осыдан 11 жыл бұрын тарыдай болып мектеп табалдырығын аттаған балалар бүгін таудай болып үлкен өмірге қадам басып отыр. Көздеген мұрат-мақсаттарыңа қол жеткізіп, армандарың орындалсын. Келешектерің кемел, болашақтарың нұрлы болсын. Жұртқа жұғымды, елге сүйкімді қалыптарыңнан айнымай, алда талай асу белестерді бағындыра беріңдер. Жалғанда жамандық көрмей, өмірлерің уайым қайғысыз өтсін. Ата-ананың қуанышы, шаңырақтарыңның шуағы болыңдар. Жұлдыздарың жансын.

Білім нәрімен сусындап, ақылды азамат, отан сүйгіштік рухтарың мықты болуын тілейміз. Азаматтық жігерлерің мұқалмасын. Асқар шыңдарды бағындырыңдар. Қонар тұғырларың биіктей берсін.

Барша жас тұлғаларды алда үлкен сын күтіп тұр. Барлықтарыңа Ұлттық Бірыңғай тестілеуден абыроймен өтіп, Қазақстаннымыздың білікті маманы атануларыңа тілектеспіз.

Ізгі ниетпен: Байзақ және балалары



Құрметті мектеп бітіруші Молдір Ілиясқызы!

Сені орта мектепті бітіріп, үлкен өмірге қанат қаққан қадамыңмен құттықтаймыз.

Балдәурен шақтың балауса қызықтары артта қалып, жаңа өмірдің үлкен сатысына қадам басар шағыңа үлкен сәттіліктер тілейміз. Алдыңнан жарқыраған күн шығып, арман-қанатың қияларға жетелесін.

Ақ армандарда жетелесін алға шын,
Қайырылмасын қос қанатың талмасын.
Адамдықты бетке ұста, бастысы,
Бұл өмірде білім болсын жолдасың.

Ізгі ниетпен: Роза, Гаухар, Анар, Бота, Қорлан, Бархыт, Нұрбол, Ақтілек.





Жас түлектер қақты бүгін қанатын, Сәулелік күн жүрекке от жағатын.



Құрметті Абилов Тілек Қанатұлы!

Сені мектеп бітіру қуанышыңмен шын жүректен құттықтаймыз. Кешегі мектеп табалдырығын аттаған, бүгін міне он бір жылды артқа тастап алтын ұяңнан «ӨМІР» атты ұлы тауды бетке алып ұшып барасың. Үлкен өмірге қаққан қанатың талмасын, биіктерге шырқа. Алдағы емтиханнан сүрінбей өтіп, таңдаған мамандығыңның мықты кәсіпқой иесі болуыңа тілектеспіз. Ақ жол, сәт-сапар болсын.

Білімді басқа жастадың,
Ғылымды іздеп үңіліп.
Өмірге сапар бастадың,
Алдында күліп тұр үміт.
Ізгі тілекпен: Сәулебай-Гүлнар, Нұргелді-Индира,
Мейрамкүл, Еркебұлан-Әсем, Қайрат-Қаламқас,
Сағат-Бақытгүл, Қайрат-Қамшат, Жазира,
Сағат-Мадина.



Құрметті мектеп бітіруші Бейбіт Сабина Бейбітқызы!

Алтын ұя мектебіңмен қоштасып, үлкен өмірге жолдама алуыңмен құттықтаймыз. Аңсаған арман-мақсаттарыңа жетіп, өмірден өз орныңды табуыңа шын ниетпен тілектеспіз. Алда тұрған сынақтардан сүрінбей өтіп, таңдаған

маман иесі болып, үмітімізді ақтап, еліңе, жеріңе қызмет етер азаматша бол. Зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, думанды шақ тілейміз.

Ақ арманың тосып тұр-ау алда шын,
Кербез көңілің биіктерге самғасын.
Мына өмірде алып шығар өзіңді,
Еңбек, білім-қос қанатың талмасын.

Ізгі тілекпен: әжесі-Мәрия, әпкелері-Жанар,
Анар, Карина.



Бүгін атасы мен әжесінің қолқанаты, көмекшісі, ағаларының жақсы көретін бауыры, бауырларының ақылшы ағасы **Сағдат Асанәли Маратұлы** мектеп бітіруімен құттықтаймыз. Мектепте оқып жүрген кезде әрбір сабақтан кейін қоңырау соғылады. Ал соңғы қоңырау – өмірдегі ең үлкен өзгерістердің бастауы. Бұл күн жақсылығын ала келсін. Өмірде армандаған дүниенің бәріне жетуіңе тілектеспіз. Келешегің кемел, болашағың нұрлы болсын. Әулетіміздің қуанышы, шаңырағымыздың шаттығы бол.

Қоштасады ұшқан ұяң – мектебің,
Маңдайыңнан сүйіп өтер көктемнің.
«Сәт сапар» деп қол бұлаймыз бәріміз,
Тілейміз біз армандарға жеткенің.

Ақ тілекпен: атасы-Сағдат, әжесі-Сарқыт,
Жамансариндер отбасы.

Көктемнің гүлдей боп құлтырған, жүрегінен арманға деген жыр тұнған, әулетін қуанышқа бөлеген, кеше ғана тарыдай болып кіріп, бүгін өзінің сүйікті мектебінен таудай болып шығып отырған **Болат Айгерім Қайратқызы** мектеп бітіруімен шын жүректен құттықтаймыз. Аңсаған арманыңа жетіп, үлкен өмірге қадам басқан болашағың сәтті болсын. Биік шыңдарды бағындырып еліміздің өркендеуіне мол үлесіңді қос. Қадамың құтты болсын.

Балалық шақ, қызықтар көп мектебіңде,
11 жыл білім алып көктедің бе.
Бүгін, міне, болашаққа қадам бастың,
Қуанамыз арманыңа жеткеніңе.

Ақ тілекпен: атасы-Болат, әжесі-Күміс, әкесі-Қайрат, анасы-Әлия, ағасы-Жеңіс, жеңгесі-Арай, бауырлары-Айбек, Әлихан, Асылан, Әдия.



Сүйікті бауырымыз Айжан Сүйіндікқызы!

Сені бүгінгі алтын ұя мектебіңмен қоштасып, өмірге қанат қаққалы тұрған қуанышыңмен құттықтаймыз. Өмірің сәттіліктерге толы болып, ақ армандарың алға жетелеп, мақсаттарың орындалсын. Алдағы жүрер жолдарың ашық болып, маңдай жұлдызың жарқырап, қатарыңның алды бол. Біз сені биіктерден көрейік, қалаған мамандығыңның шыңын бағындырып, елімізге қызмет жасай бер.

Болашақта өмірің нұрлы болсын,
Іздеген бар арманың қолға қонсын.
Азаматша бол, ел сыйлаған тұлға бол,
Мақсатыңа жете бер, бауырым сол.

Ақ ниетпен: ана-әжесіңдері, аға-жеңгелері-
Қайрат-Дария, Айгүл, Төлеу, Амантай-Нұргүл,
Сырымгүл, Айтуған-Света, Қуандық-Гүля,
Бауыржан-Гүля, Гүлшара, Қанат-Мақпал,
Саят-Маржан.



Құрметті мектеп бітіруші жас түлек Теңелді Берікболсын Советұлы!

Сені алтын ұя мектебіңмен қоштасып, үлкен өмірге қадам басқан сәтінмен құттықтаймыз.

Өмірдің кіші белесінен өтіп, даңғыл жолына қанат қаққатың. Болашаққа бастайтын алғашқы қадамыңа сәттілік тілеп, алдағы белестерді бағындырып, қалаған мамандығыңның егесі бол. Көздеген мұрат-мақсаттарыңа қол жеткізіп, нұрлы армандардың шыңына шық.

Өмір-өзен аямасын сый-нұрын,
Есте қалар ерекше гой күн бүгін,
Мектеппенен қоштасарда бір саған,
Шашайықшы әсем әуен, жыр гүлін.

Тілек білдірушілер: әжесі-Шәкен, Айгүл,
Серікболсын, Нұртілеу, Көркем.



Сүйікті түлегіміз Бейбіт Сабина Бейбітқызы!

Сені алтын ұя мектебіңмен қоштасып, үлкен өмір жолына қадам басуыңмен құттықтаймыз.

Әрдайым жүзің нұрға, өмірің қуанышқа толы болсын. Биіктерден көрініп, жұлдызың жарқырай берсін. Алдағы

уақытта қойған барлық мақсаттарың орындалып, болашағың жарқын, келешегің кемел болсын. Өмірдің сан тарау жолдарында қанатың талмай, барлық ізгі армандарыңа сүрінбей жетіп, қалаған оқу орнына түсіп, үздік мамандық иесі болуыңа шын жүректен тілектеспіз. Жолың ақ, қадамың оңынан болсын.

Өмірден енді дәріс ал,
Білім мен ойды қоса ұштап.
Самғауға жас түлек, барын сал,
Қанатың болсын аттестат.

Ізгі ниетпен: Саят-Шара, Гүлім,
Нұрсұлтан-Жазира, Мейіржан, Шыңғыс-Айзада,
Нұрислам, Санжар, Аружан.



Құрметті жас түлектер **Қабылда немерелері Сағдатұлы Нұршуақ, Талғатұлы Ақжол!**

Үлкен өмірдің табалдырығын аттап отырған сендерге ақ жол тілейміз. Армандарыңа нық сеніп, алға қойған мақсаттарыңа қадам басыңдар. Өмір жолдарың ұзақ әрі жарқын болып, келешектерің кемел, болашақтарың нұрлы болсын. Қалаған мамандықтарыңның иесі атануға тілектеспіз. Ата-аналарыңның, туғандарыңның қуанышы, шаңырақтың шуағы, еліміздің мықты азаматтары болып, биіктерден көрінулеріңді тілейміз.

Тілек білдірушілер: туғандары-Қайрат,
Саят-Жанар, Алия, Салтанат, Бағдат-
Гүлнұр, Амангазы-Дария және осы әулеттің
немерелерінен.



Сүйкімді жасөспірім Айжан Сүйіндікқызы!

Сені мектеп бітіруіңмен құттықтаймыз. Балалық шақтан болашаққа аттаған қадамың сәтті болсын. Аңсаған армандарыңның биік шыңдарына шығып, ата-ана, туған-туыстарыңның мақтанышы бол. Әрқашан алдыңнан ақ жол ашылып, мерейің үстем болсын.

Ұзап шығып тәлім алған ұядан,
Уақыт келді қанат қағар қияға.
Жолың болсын мына өмірде әрқашан,
Тәңірімің күтіп тұрсын сыйы алдан.

Ақ тілекпен: нағашы әжесі-Қуаныш, нағашы
ағасы-Ержелді, жеңгесі-Жансая.



Кім ұмытар қоңыраудың сыңғырын Жүрегіңе мәңгі ұялап қалатын!



**Құрметті жас түлек
Нұрсейіт Әсетұлы!**

Сені алтын ұя мектеп-пен қоштасқан соңғы қоңырау мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. Жаңа өмірге қанат қаққан бұл күн сенің өмір атты ұлы дарияның ақ желкеніне ілесіп, өз мақсаттарыңа бет

алған ұмытылмайтын аяулы да қуанышты сәт болып отыр. Осы жолда білімнің биік шыңынан көріне бер. Өзің сүйген мамандық иесі болуыңа тілектеспіз. Денің сау, шаттық-қуаныштарың мол болсын. Әрдайым жүзің нұрға, өмірің жырға толып, алға қойған үлкен мақсаттарыңа жете бер.

Орындалсын аңсап жүрген армандарың,
Арайланып атсын нұрлы таңдарың.
Туған елдің көк байрағын көтеріп,
Биіктерден көріне бер саңлағым.

**Ақ тілекпен аудандық «Ақтоғай аясары» газеті
редакциясының ұжымы және ардагерлері.**

* * * * *



**Жас түлектер Мәжит
Айбол Нұрсұлтанұлы,
Айжан Сүйіндікқызы,
Әбілов Нұрдаулет
Серікболұлы!**

Сендер үлкен өмірге қанат қағып барасыздар. Қанаттарың талмасын, биіктерге шырқаңдар. Жо-

ғары оқу орнына оқуға түсіп, студенттік дәуірді қызықты өткізіп, таңдаған мамандықтарыңның білгірі болыңдар. Мектеп өмірі артта қалды, алдыларыңда күтіп тұрған жаңа өмірдің баспалдақтарынан сүрінбей өте беріңдер. Алла дендеріңе саулық берсін.

Алтын ұя мектептің тұлпарлары, дүлдүлі,
Жұлдыздары жүректің жетіледіңбер бұл күні,
Бірің-хәкім, ал бірің болыңыздар ғұлама,
Мың дауыспен сайраған өмірдің бұлбұлы.

**Ізгі тілекпен: көршілеріңіз – Асан, Олжабай,
Өміртай, Кәкен, Болат, Мнипа, Райхан,
Қымбат, Маржан, Еркебұлан Р., Ерлік, Қуаныш,
Жанболат, Еркебұлан Б., Есхат, Бекайдар.**

* * * * *



**Қымбатты Серік
Ерсұлтан Мейірбекұлы!**

Мектеп бітіруіңмен құттықтаймыз. Қадамыңа нұр жаусын. Жүрек қалауыңдағы мамандықтың иесі болып, білікті маман атанып шығуыңа тілекшіміз. Биік белестерді бағындыр. Әрдайым сәттілік өзіңмен

бірге жүрсін.

Өмірден енді дәріс ал,
Білім мен ойды қоса ұштап,
Самғауға енді барын сал,
Қанатың болсын аттестат.

**Тілек білдірушілер: Арман-Меруерт, бауырларың
Алтынай, Інжу.**

**Құрметті жас түлегіміз
Ақгүлім Рашидқызы!**

Арманның асқарына құлаш ұрып, алтын ұя мектебіңмен қоштасып отырсың. Тәй-тәй басқан алғашқы қадамыңнан бастап, тәтті тіл, шат күлкі, жазу-сызуларың, мектепке барғаның есімізде. Ел қызығатындай көрікті де көркемнізді, білімпаз, ой-өрісің биік,

жан-жақты дамып ақылды болып өстің. Келешек үлкен өмір есігін айқара ашқан болашақта да мақсаты айқын, арманы биік, өз мамандығыңның білгірі болатыңа сенеміз. Ақ жол болсын, алған білімнің шыңдап, талабыңды дамытып биік шыңдарға жетуіңе тілектестік білдіреміз.

Биік-биік арманмен қанаттандың,
Үлкен өмір жолына, ал, аттандың.
Біз жүрейік есіміңді мақтан етіп,
Көзбен көріп, бәйшешек гүл атқаның.

**Ізгі ниетпен: Нұртай-Сандуғаш, Сағындық-
Қарлыға, Айқын-Әлия, Марғұлан-Салтанат,
Жанар, нағашы әжесі-Сайлауғұл және бөлелері.**



**Сүйіктіміз, еркеміз
Айжан Сүйіндікқызы!**

Сені алтын ұя мектебіңмен қоштасқан соңғы қоңырау салтанатымен шын жүректен құттықтаймыз. Әрдайым бақыттың базарынан, жеңіс тұғырынан көріне беруіңе тілектеспіз. Жүзіңнен күлкі кетпей, ата-ана, туған-туыстың көз қуанышы болып жүре бер. Өмір дейтін аламанда тұлпарыңның тұяғы тозбай биік белестерден көріне бер. Аңсаған мамандығыңа қол жеткізіп, қатарыңның алды бол.

Арманға қадам бастың,
Келешек тосқан бәрін.
Басып тұрсың ең алғашқы,
Үлкендіктің баспалдағын.

**Тілек білдірушілер: ата-анасы Сүйіндік-Ләззат,
Айдын-Жадыра, Ағыбай-Ботакөз,
Мейірман-Аяжан.**



**Құрметті жас түлек
Дәкәрім Ақмарал
Елдосқызы!**

Сені алтын ұя мектебіңді аяқтап, үлкен өмірге жолдама алған қуанышты күніңмен шын жүректен құттықтаймыз. Қызғалдақтай құлтырған жастық шағыңда қабат-қабат кір шалмасын, өмір сені алақаныңда аялап, қуаныш бесігінде тербесін. Өмірдің сан тарау жолында биік белестерге шығып, жоғарғы оқу орнын тәмамдап, қатарластарыңның алды бол. Әрқашан атар таңдарың арайлы болып, аңсаған арман-тілектерің орындала берсін.

Биік-биік белестерді бағындыр,
Кедергіні алдыңдағы алып ұр.
Ел сүйсінер мамандықтың иесі болып,
Әр уақыт халқыңнан бата алып жүр.

Ақ ниетпен: Мәкәрім атаңның отбасы.



**Құрметті мектеп бітіруші түлектер
Мұратбек Айым Азаматқызы, Баймұрат
Мадина Бекзатқызы**

Сендер бүгін алтын ұя мектептеріңмен қоштасып, азамат болып үлкен өмірге жолдама алғалы отырсыңдар. Осы қуанышты күні сендерге сәтті сапар тілейміз. Қалаған мамандықтарыңның иесі болыңдар. Сендердің бойларыңдағы қабілеттерің, дарындарың, өмірге құштарлықтарың болашақтарыңнан үлкен үміт күттіреді және сол үкілі үміт үдесінен шығатындарыңа сенеміз. Өмір жолында сүрінбей, осы бір ақжолтай сапарларыңда жолдарың ақ болып, білімнің биік шыңынан көріне беріңдер.

Өмір деген аямасын сый-нұрын,
Сендер үшін ерекше гой күн бүгін.
Мектеппенен қоштасарда соңғы рет,
Шашайықшы әсем әуен, жыр гүлін

**Тілек білдірушілер: апаларыңның
сыныптастары-Қуанышбек-Айзат, Бекзат,
Қанагат, Руслан-Саламат, Еркін-Индира,
Берікбай-Жеңісгүл, Саят-Гүлмира, Азамат-
Қарлығаш, Руслан-Жеңіс, Еламан-Диана, Шалқар-
Жанар, Нүргелді-Индира, Нүргелді-Шакизат.**



**Құрметті Астана қаласының Ыбырай
Алтынсарин атындағы «Бином» мектеп-лицейін
түлегі Шаймұрат Ұлан Берікұлы,
КБайсейітова тірек мектебінің түлегі
Есенбай Ақбота Нұрланқызы!**

Сендерді үлкен өмір жолына қадам басуларыңмен құттықтаймыз. Алдағы уақытта алға қойған барлық мақсаттарың орындалып, болашақтарың жарқын, келешектерің кемел болсын. Әрқашан еліміздің мақтанышы, қатарластарыңның алды болыңдар. Өмірдің сан тарау жолдарында қанаттарың талмай, барлық ізгі армандарыңа сүрінбей жетіп, үздік мамандық иесі болуларыңа ниеттеспіз. Жолдарың ақ, қадамдарың оңынан болсын.

Білімді басқа жастадың,
Ғылымды іздеп үңіліп.
Өмірге сапар бастадың,
Алдыңда күтіп үміт тұр..

**Тілек білдірушілер: әжесі Рымбасар, Дәурен,
Серік, Өмірбек, Манарбек,
Қанат, Қуандық, Ерлан, Дана, Даулеттің
отбастары.**





Құрметті де ардақты мектеп бітіруші түлектер
**Бақдәулет Ислам Берікұлы, Кабдолла Гүлім
Сағдатқызы, Аман Зере Болатқызы,
Сағдат Асанәлі Маратұлы!**

Сендерді 11 жыл білім алған алтын ұя мектеп бітіру кеңістігімен құттықтаймыз. Алдыда тұрған үлкен сынақтан ең жоғарғы көрсеткішке қол жеткізіп, өздерің таңдаған мамандық иесі атаныңдар. Дендеріңе саулық тілейміз. Алла жолдарыңды ашсын. Ақ жол, сәттілік.

Бүгіннен басталады жаңа белес,
Мерей менен қуаныш та тұр ғой доғес.
Бітіргелі отырған әрбір түлек,
Ешбір асыл тұяғынан төмен емес.

Ігі тілекпен Бақыт, Нұрай-Мадина.

* * * * *

**Құрметті жас түлек
Сағдат Асанәлі
Маратұлы!**

Бүгінгі күні алтын ұя мектебіңмен қоштасып, үлкен өмірге қадам басқалы тұрсың. Сені осы қуанышты күнмен құттықтап, алдағы уақытта сәтті қадам болып, алдыңа қойған арман-мақсаттарыңның биігінен көрінуіңе тілектеспіз. Келешегің кемел, алар асуларың биік болсын. Бейбіт аспан аясында әрдайым тугандарыңның үкілеген үмітін ақтап, ата-әжесіңнің мақтанышы бол.


Балалығың өтті міне, байқалмай,
Нұры болғын шаңырақтың жасайқалған.
Алда— асу, армандарға жете бер,
Қабыл болып ақ тілектер айтылған.

**Ақ тілекпен: көршілеріңіз – Нұрғазы-Еңлік,
Әдебиет-Шахаризада, Жасан-Күлпат.**

* * * * *

**Жайлау немересі Құрман-
ұлы Әлидың** мектеп бітіру, сыңырлаған соңғы қоңырау мерекесімен құттықтай отырып жасіміз Әлиге зор денсаулық, оқуда озат, жақсы оқу орнына түсіп, қалаған мамандығының иесі болуына тілектеспіз. Құрман өмірден өткенде 2-сынып оқып кін-кішкентай болып қалып еді. Құрманымыздың да өмірден өткеніне 9 жыл болады. Сол 9 жылда сені оқытып, бақытты балалық шақ сילהан анаңның ақ арманын орындап, аңсаған арманыңа жетіп, үлкен азамат бол бауырым. Әліміз кішкентай күнінен нағашы ата-әжесінде көп болды. Бізге көп еркеледі, біз сені мақтан тұтамыз. Жолың ақ болсын, ашық болсын. Ақ жол Әли.

**Нағашылары атынан апасы Гүлдәріш, аға-
жесегелері Бекзат, Серікбай-Гүлжанат,
Дәурен-Әйгерім, Нұрбек-Ақдидар,**



**Құрметті мектеп
бітіруші жас түлек
Нұрсейіт Әсетұлы!**

Сені үлкен өмірге қадам басқан салтанатты күнмен құттықтаймыз. Ең басты байлық денсаулығың зор болсын. Үлкен өмірге қанат қағып барасың. Қанатың талмасын, биіктерге шырқа. Жоғары оқу орнына оқуға түсіп, студенттік дәуірді қызықты өткізіп, абыроймен бітіруіңе тілектеспіз. Таңдаған мамандығыңның мықты маманы, кәсіпқойы бол Мектеп өмірі артта қалды, алдыңда күтіп тұрған жаңа өмірдің баспалдақтарынан сүрінбей өте беруіңді тілейміз.

Білімді басқа жастадың,
Ғылымды іздеп үңіліп.
Өмірге сапар бастадың,
Алдыңда күліп тұр үміт.

**Құрметпен: Аманкелді-Балғын, Коли-Сая,
Гүлнар, Жасан-Гүлжаннның отбастары.**



**Құрманғали Әли
Құрманғалиұлы!**

Сені 11-сынып бітіруіңмен құттықтаймыз. Міне, балам, кеше ғана жүгіріп жүрген ерке тотайым, қасымнан бір елі тастамайтын, балапаным едің, бүгінде ер жеттің, қанатың қатайып, білім нәрін берген ұстаздарыңмен қимай қоштасып, алтын ұя мектебіңнен ұшайын деп отырсың. Мектептен алған біліміңді шындап, Ұлттық біріңғай сынақтан жақсы өтіп, жоғарғы оқу орнына түсіп, биік биік белес, асуларды бағындырып, жақсы маман иесі бол. Алға қарай ұмтыла бер, балам. Ешқашан жасыма, мойыма, біз саған сенеміз, 11жыл ішінде Әліміздің қаниама жетістіктері бар, жақсы оқығаны, әсіресе, спорт саласын жақсы меңгеріп, аудандық, облыстық, жарыстардан жүлделі орындарға ие болды. Әли сенің ақылдылығың, білімділігің, зерек ойлылығың жан-жақты адамгершілігің, достарыңа, өз ортаңда сыйлы, болғаның біз үшін зор мәртебе. Денің сау болып, қуанышты, шуақты күндерің көп болсын, Ақ жол, сәт сапар, балапаным.

**Тілек білдіруші Анасы- Даша,
апа-жеседесі Айдар-Әлфия,
аға -жесегесі Әсет-Әнел, бауыры Хан-Азиз**



Құрметті мектеп бітірушілер

**Аманолла Ақмарал, Тиыштық Дінмұхаммед,
Нұрымхан Дина, Болат Айгерім, Тұяқ Жансая!**

Сендер бүгін алтын ұя мектептеріңмен қоштасып, азамат болып, үлкен өмірге жолдама алғалы отырсыңдар. Осы қуанышты күнде сендерге сәтті сапар тілейміз. Қалаған мамандықтарыңның иесі болыңдар. Сендердің бойларыңдағы қабілеттерің, ерекше дарындарың, өмірге құтарлықтарың болашақтарыңнан үлкен үміт күттіреді. Сол үкілі үміт үдесінен шығатындарыңа сенеміз. Өмір жолында сүрінбей, осы бір ақжолтай сапарларыңда жолдарың ақ болып, білімнің биік шыңынан көріне беріңдер. Келешектерің кемел, алар асуларың биік болсын.

Қол бұлғап алыс ақ арман,
Нұр шапшып сол кез жанапардан.
Сәт-сапар, саған жас түлек,
Күмеді сені жол алдан.

**Ігі тілекпен: көршілерің— Рахия,
Сейілхан-Қарлыға, Өрік-Қарлығаш,
Асхат-Айсұлу, Ұзақ-Айгүл, Еркін-Мадина,
Талғат-Гүля, Күмісбек-Құндыз, Коли-Сая,
Сәрсен-Айжан, Жәнібек-Гаухар, Қанат-
Алтынгүл, Руслан-Жұлдыз, Данияр-Гүлнұр**

**Құрметті мектеп
бітіруші түлек Құрманғали
Әли Құрманғалиұлы!**

Сен үшін осынау күн айшықты да, айдынды, мерекелі де мерейлі, табысты да толғамды күнге айналып отыр. Өйткені дәл осынау күні өзіңнің қимас бір мекеніңе айналған, балдәурен шақтың балауса қызығын өткізген, сойтіп бойыңа білікті білім мен тәлімді тәрбие жинаған мектеп анаңнан түлеп ұшқалы тұрсың. Осыдан санаулы ғана жылдар бұрын осы мектептің қастерлі табалдырығын жасқана да жүрексіне аттап, өзіңе тәлім берер алғашқы ұстазыңмен жүздесіп, білім нәріне бас қойған едің. Содан бері ағын судай жылжыған жылдар жегі өрісінді кеңейтті, бойыңды қатайтты, топыңды бекітті. Сенің алдағы өміріңде Абай атамыз айтқандай: «бес нәрсеге асық, бес нәрседен қашық» бола білсең ғана өзіңнің ұстаздарың төгілген тер отелді деп біледі. Сен үшін бүгінгі қағылар соңғы қоңырау үні балдәурен балалығыңның артта қалып, жауапкершілігі мол азаматтық биікке көтерілгендігіңнің ескертпесі сияқты. Сені мектеп бітіруіңмен шың жүректен құттықтаймыз. Денің сау болып, алдағы үлкен сынақтан сүрінбей өтуіңе тілектеспіз. Аңсаған арман-мақсаттарыңа жете бер.

Қош айтысып балалық шақ өткеніңе,
Қош айтысып сүйікті мектебіңе
Тұғырдан түлеп ұшқан жас қыран
Аттанып барасың өмір көктеміңе

**Ігі тілекпен: құда-құдағың Тілеуберлі-Айнаш,
Аида, Назерке, Ислам.**

* * * * *



**Құрметті мектеп
бітіруші жас түлектер
Бақдәулет Ислам
Берікұлы,
Нұрымхан Дина
Кеңесқызы,
Мәжісатов Айбол
Нұрсұлтанұлы!**

Сіздерді мектеп бітіру салтанатымен құттықтаймыз.



Алтын ұя мектептеріңмен қоштасып, мектепте оқып жүрген кезде әрбір сабақтан кейін қоңырау соғылады. Ал соңғы қоңырау - өмірдегі ең үлкен өзгерістердің бастауы. Бұл күн жақсылығын ала келсін. Өмірде армандаған дүниенің бәріне жетуіңе тілектеспіз. Алдағы сынақтардан сүрінбей өтіп, биік жетістіктерге қол жеткізіп, мақтанышымыз болыңдар. Аңсаған армандарыңа қол жеткізіп, әрбір саланың мықты маманы болып, еліміздің көркеюіне өз үлестеріңді қоса беріңдер.

Құрметті 2024 түлектері,
Барасыздар өмірді гүл еткелі.
Әр жылы осы күні қимастықпен,
Соғады ұстаздардың жүректері.
Көңіл толқып жанады осы күні,
Түлектерім, есте сақта мәңгі мұны.
Болашақтың үміті сендерсіңдер,
Алтын күннің таратылған сәулесі, нұры.

**Ігі тілекпен: Гүлмира, Ақтолқын, Сәулес,
Гүлмира, Айжан, Алмагүл, Мадина, Назгүл,
Аманкүл**



Ақтоғай ауданы Сарытерек ауылдық округі әкіміне үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары

Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылдық округі әкіміне үміткер Серкебаев Канат Рахметоллаұлының өмірбаяны және сайлауалды бағдарламасы

Мен, Серкебаев Канат Рахметоллаұлы, Ақтоғай ауданы Қызыларай ауылында тудым. Қызыларай орта мектебін бітірген соң аталмыш мектепте 1991-1992 ж.ж. жұмыскер болып жұмыс жасадым. 1996 жылы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін «Еңбек және есептеуіш техникасы» мұғалімі мамандығы бойынша бітірдім.

1996-1998 ж.ж. Қызыларай орта мектебінде информатика пәні мұғалімі, 1998-2002 ж.ж Балқаш қаласында № 8 қазақ орта мектебінде информатика және еңбек пәндері мұғалімі, 2002-2014 ж.ж. Қызыларай орта мектебінде информатика пәні мұғалімі, 2014-2020 ж.ж. Қ.Нұржанов атындағы мектепте информатика мұғалімі, 2005-2013 ж.ж. Қызыларай орта мектебінде оқу-ісі менгерушісі, мектеп директоры, 2014-2020 ж.ж. Қ.Нұржанов атындағы мектепте директоры болып жұмыс істедім. 2020 жылдан осы уақытқа дейін Сарытерек ауылдық округінің әкімі қызметін атқардым.

Отбасылымын, үш бала тәрбиелеп өсіріп, екі немере сүйіп отырмын.



Құрметті сайлаушылар!

Маған сенім білдірген жағдайда алдағы 4 жылда төмендегі бағдарламаны іске асыруға күш-жігерімді жұмсаймын:

- Сарытерек, Ақтұмсық елді мекендерінің ішкі жолдарын орташа жөндеу;
- Таза ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында Жетімшоқы, Ақтұмсық елді мекендеріне су тарту жұмыстарына қол жеткізу;
- «Ақшол», «Тоқырауын» көшелерінің тоқ көзін реттегіш трансформаторларын ауыстыруға жұмыс жасау;
- Ауыл әкімшілігі есебінде тұрған №2 ғимаратқа ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізіп, ауыл халқымен, жастардың бос уақыттарын тиімді өткізуге арналған спорт бөлмелерін және өлкетану музейін ашу жұмыстарын қолға алу ;
- Ауыл әкімшілігі ғимаратының алдына тас төсеу (брусчатка 1000м/кв), мерекелік шаралар өткізуге арналған алаң жасау;
- Отбасылық дәрігерлік амбулатория, клуб үйлерінің сыртқы қоршауларын ауыстыруға жұмыстар ұйымдастыру;
- "Жеңіс саябағына" құдық белгілейтін құжаттарды дайындау және ашу бойынша тиісті жұмыстарды кезең-кезеңімен жүргізу;
- Ауыл халқының тұрмысын жақсарту мақсатында түрлі мемлекеттік бағдарламаларға қатыса отырып 2,5% мөлшерде несиелер арқылы өз кәсіптерін ашу жұмысын жалғастыру.
- Зейнеткерлер мен ерекше қажеттіліктері бар азаматтардың, көпбалалы аналар мен аз қамтылған отбасылардың ҚР Заңнамаларына сәйкес әлеуметтік қорғалуына жағдай жасау;
- Сырттан көшіп келуге ниет білдіруші жас отбасыларын баспанамен қамтамасыз ету, жұмыспен қамту, төменгі пайызды несиелер алып кәсіппен айналысуларына көмек ұйымдастыру;
- Ауылдың денсаулық сақтау саласындағы кадрлық мәселелерді шешуге ат салысу, медициналық көмектің қол жетімділігі деңгейі мен сапасын арттыру;
- Халыққа салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында балалар мен жасөспірімдер спортын дамыту. .Ауылды қарқынды дамыту;
- Ауылдың инфрақұрылымын қарқынды дамыту үшін ауқымды қаражат қажет екені сөзсіз. Тығырықтан шығу жолы ауылға сыртты меценаттар мен кәсіпкерлердің қолдауымен инвестиция тарту арқылы 4 деңгейлі бюджет қорын толықтыру. Осы орайда қазіргі таңда Сарытерек ауылында біршама үлгі боларлық шаруалар ұйымдастырылуда. Осы жақсы жұмыстарды одан әрі жандандырып, ұйымдастыруды қолға алу қажет деп санаймын.
- Қымбатты ауыл тұрғындары!
- Сіздің даусыңыз – өз жақын-жұрағаттарыңыз бен ауылдастарыңыздың бақытты және бақауатты өміріне қосқан үлесіңіз. Берекелі ауыл – табысты мемлекет!
- (Материалдың жариялау ақысы облыстық бюджет қаражатынан төленді).**

Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылдық округі әкіміне үміткер Алибаев Алтай Баймаганбетовичтің өмірбаяны және сайлауалды бағдарламасы

Алибаев Алтай Баймаганбетович 23.07.1985 жылы Ақтоғай селосында дүниеге келген. Ұлты қазақ. Білімі жоғары.

2009 жылы «Фемида» заңакадемиясына түсіп, «Заңтану» мамандығын алған. 17.02.2008 ж. Ақтоғай селосының әкімі аппаратында маман 08.09.2009 ж. Ақтоғай ауданы бойынша МСЭҚБ-да бас маман, заңгер-келесшісі, 10.05.2011 ж. Ақтоғай селосының әкімі аппаратында маман, 10.08.2011 ж. Ақтоғай селосының әкімі аппаратында бас маман міндетін атқарушы, 21.11.2011 ж. Ақтоғай селосының әкімі аппаратында бас маман, 27.02.2012 ж. «Ақтоғай ауданының ішкі саясат бөлімі» ММ-нің бас маманы, 03.10.2017 ж. «Ақтоғай ауданының ішкі саясат бөлімі» ММ-нің сектор менгерушісі, 13.02.2020 ж. жылдан қазіргі уақытта «Ақтоғай ауданының ішкі саясат бөлімі» ММ-нің басшысы.



Құрметті сайлаушылар!

Ақтоғай ауданы Сарытерек ауылдық округінің әкіміне үміткер бола отырып өз мойныма алған жауапкершілікті толығымен түсінемін.

Сайланған жағдайдағы менің жоспарым, өзімнің ең бірінші борышым, Сарытерек ауылдық округі тұрғындарының өзекті мәселелерін шешуге ықпал ету деп білемін және төмендегі бағдарламаны іске асырар едім:

- Халыққа медициналық қызмет көрсетудің сапасын арттыруға қол жеткізу және мемлекеттік медициналық көмек түрлерімен толыққанды қамтамасыз ету. Салауатты өмір салтын насихаттау. Еңбек ардагерлеріне жүйелі түрде көмек және қолдау көрсету;
- Білім беру жүйесін дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыру, Білім беру ұйымдарындағы білім сапасын арттыруды қолға алу және оқушылардың денсаулығы мен

Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылдық округі әкіміне үміткер Омарбеков Данияр Төлегенұлының өмірбаяны және сайлауалды бағдарламасы

Омарбеков Данияр Төлегенұлы - 05.07.1983 жылы Ақтоғай ауылында дүниеге келген. Ұлты қазақ. Білімі жоғары.

2005 жылы Д.А.Қонаев атындағы университетінің «Экономика», «Қаржы және несиелер» бакалавры мамандығы бойынша тәмамдаған. 2006 жылы №70417 әскери бөлімінде әскери міндетін өтеген, сержант. 2008 жылы Ақтоғай ауданының №2 халыққа қызмет көрсету орталығында инспектор, 2008 жылы Ақтоғай ауданының Салық басқармасында жетекші маман, 2009 жылы Ақтоғай ауданының қаржы бөлімінде бас маман, 2009 жылы Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде бас маман, 2015 жылы Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің әлеуметтік төлемдерді төлеу және құжаттармен қамтамасыз ету және кадрлық жұмыстар секторының менгерушісі, 2016 жылы «Ақтоғай ауданының әкімі аппараты» ММ Кадр қызметі бөлімінің басшысы, 2017 жылы «Ақтоғай ауданының әкімі аппараты» ММ Мемлекеттік қызмет көрсетуді бақылау бөлімінің басшысы, 2021 жылы Ақтоғай ауданы әкімдігінің жанындағы Мемлекеттік қызмет көрсетуді бақылау жөніндегі бас инспекторы болып қызмет жасайды.

Отбасылы.



Құрметті сайлаушылар!

Халқымыздың түп тамыры ауыл болған соң, ең бірінші ауыл үшін қызмет жасау – менің азаматтық парызым. «Ауылым – алтын бесігім» – деген қасиетті сөз әрдайым менің жүрегімде.

- Мал шаруашылығын дамыту, мал тұқымын асылдандыру, ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу;
 - Жұмыссыздықты азайту мақсатында бағдарламалар бойынша мемлекет тарапынан жеңілдікпен берілетін несиелер мен жәрдемақыларды алып тұрғындардың өз кәсіптерін ашуына, қайтадан кәсіби білім алып жұмысқа орналасуына , тұрғындардың әлеуметтік жағынан аз қорғалған тобына мемлекет тарапынан берілетін жәрдемақыларды алуына;
 - Ауылдық округте кәсіпкерліктің дамуына жағдай жасау, жаңа инвестициялық жобаларды дайындауды, тұрғындардың негізгі кәсіби ауыл шаруашылығы болғандықтан мал басын көбейтіп және оның сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік бағдарламалар бойынша және басқа да қаржы несиелер институттарынан берілетін жеңілдетілген несиелер алуын, мал басын асылдандыру жұмыстарын ұйымдастыру;
 - Округтегі автомобиль жолдарын қалыпты жағдайда ұстауға, жолдарға ағымдағы жөндеу жұмыстарын жасауға, көшелерді жарықтандыру;
 - Ауыл тұрғындарының денсаулығын нығайтуға байланысты дәрігерлік қызметті күшейтудің және дәріхана және ветеринариялық дәріхана пункттерін ашудың жолдарын іздестіру;
 - Ауыл тұрғындарының денсаулығын нығайтуға байланысты дәрігерлік қызметті күшейту және дәріхана ашу мүмкіндіктерін қарастыру;
 - Мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту, оқушылардың білім сапасын арттыру;
 - Ауылдық округке «Дипломмен ауылға» бағдарламасы арқылы мамандар тарту;
 - Округ бойынша байланыс жүйесінің сапасын арттыруға;
 - Белсенді ауыл тұрғындарының, оның ішінде жастардың жеке кәсіп ашуына, кәсіпкерлікті қолдау;
 - Жолдың сапалы ағымдағы жөндеуден және ауыл ішкілік жолдарды жөндеуден өткізу;
- Егер де сайлау барысында Сіздердің қолдауларыңызға не болып жатсам, әкім боп халқыма жақын боп, округпен жұмыс жасау, дамыту маған арқау болған үлкен жүк деп білемін.

(Материалдың жариялау ақысы облыстық бюджет қаражатынан төленді).

қауіпсіздігін жетілдіру мақсатында спорттық сауықтыру- демалыс орындарын ашу, бос уақыттарын пайдалы және тиімді іске арнау;

- Азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауға, заңды құрметтеуге және оның сақталуына бағытталған мәселелерді қолдау, қоғамдық тәртіп мәселелерін тиімді шешу;
- Зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі азаматтардың, көпбалалы аналар мен аз қамтылған отбасыларына заңнамаларға сәйкес әлеуметтік қорғалуына жағдай жасау;
- «Ел болашағы - жастар» - деген қағиданы басшылыққа ала отырып, жастарды тәрбиелеу ісіне тұрақты көңіл бөлу, жастар саясатын дамыту, жас мамандарды ауылдарға тарту. Сарытерек ауылдық округіне жастар саясатын іске асыру үшін спорт алаңын салуға еңбек етемін;
- Елді еңбекпен қамтудың негізгі бір деңгейі – шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға және сол арқылы жаңа жұмыс орындарының ашылуына, жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне ат салысамын;
- Ауыл ішкілік жолдарды күрделі жөндеуге, көше жарықтарын арттыруға күш саламын;
- Тұрмыстық қатты қалдықтарға (ТҚК) арналған полигонды реттеу;
- Сарытерек ауылдық округіне жарықтандыру бойынша әлсіз кернеуді (напряжение) арттыру үшін трансформатор орнату;
- Сарытерек ауылдық округін абаттандыру және көгалдандыру, көше жолдарын жөндеу, жарықтандыру. Коммуналдық шығындарды азайту.
- Кадрлық саясат бойынша жастарға арналған бағдарламаларды жүзеге асыру, жаңа жұмыс орындарын ашу және шағын және орта бизнесті дамыту және қолдау. Ауыл шаруашылығы бойынша кәсіпкерлікті дамыту, кәсіптік бағдар беру. Жастардың бос уақытын өткізуге арналған спорттық орталық ашу.
- Адамгершілік бағыттағы ұлттық тәрбие мен ұлттық құндылықтар жүйесін нығайту арқылы әлеуметтік және экономикалық міндеттерді орындауға ықпал ету, Қазақстан халқының рухани және мәдени потенциалын сақтау және арттыру, жас ұрпақты ұлттық отан сүйгіштік рухында тәрбиелеу.
- Егерде сенім артылатын болса қойылған міндеттерді жүзеге асыруда аянбай еңбекетіп, жұртшылықпен бірлесіп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып белсенді жұмыс жасау керек деп білемін. Сол үшін мемлекеттік қызметкер ретінде бар күш жігерімді аянбай жұмсайтын боламын.

(Материалдың жариялау ақысы облыстық бюджет қаражатынан төленді).

АҚТОҒАЙ АҒАРҰ 10 24 мамыр 2024 жыл

Ақтоғай ауданы Абай ауылдық округі әкіміне үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары

Ақтоғай ауданы, Абай ауылдық округі әкіміне үміткерлер Игибеков Нуртилек Ерменбетовичтің өмірбаяны және сайлауалды бағдарламасы



Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылдық округінде 30.09.1991 жылы туған. Ұлты қазақ. Білімі жоғары. 2013 жылы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің экономика және бизнес бакалавры мамандығын алған. 04.08.2011 жылы Балқаш қаласында БРП «Энергоспецсервис» ЖШС «Maker», слесарь-ремонтник болып бастаған. «Сарытерек ауылдық округі әкімі аппараты» ММ-де бас маман міндетін атқарушы. 05.12.2016 жылы «Сарытерек ауылдық округі әкімі аппараты» ММ бас маманы, қазіргі уақытта «Сарытерек ауылдық округі әкімі аппараты» ММ бас маманы болып қызмет атқарамын.

Құрметті сайлаушылар!

Сайлаушылар маған сенім білдірген жағдайда өз округімнің тұрғындарының мүддесін қорғап, олардың талап тілектерін жүзеге асыру;

- Мал басын асылдандыру, бордақылау бағыттарында атқарылатын іс-шараларды ұйымдастыру;
- Көпжылдық шөптерді егу арқылы ең алдымен азып-тозған жерлерді қалпына келтіру және ауылдық округ көлемінде игерілмей жатқан егістік жерлерді айналымға қайта енгізе отырып, жем-шөп базасын нығайту;
- Өңірге инвестиция тартуда жұмыстар жүргізу, инвестициялық жобаларды іске асыру арқылы жаңа жұмыс орындарын ашу;
- Ауылдық округ тұрғындары үшін үн өнімдерін төмендетілген бағамен жеткізуді ұйымдастыру;
- Жұмыссыздар санын азайту бойынша жұмыстарын жүргізу, кәсіптік даярлау және қайта даярлау курстары арқылы маман тапшылығы деңгейін төмендетіп отыру;
- Кәсіпкерлік потенциалды дамытуға қолдау көрсету;
- Электр қуатын беру сапасын жақсарту, тозған электр желілерін айырбастау бойынша жұмыстар жүргізу.

Жел күшімен және күн көзінен өндіретін қондырғыларды ауылдық округ аумағында кеңінен насихаттау және енгізу. Осы қондырғылар арқылы шаруа қожалықтарын электр қуатымен жабдықтау жұмыстарын жүргізу.

– Өңірде мобильді байланыс, интернет жүйесінің сапасын арттыруға күш салу. Ауылға жас мамандарды (мұғалім, дәрігер, ветеринар, т.б.) тарту үшін жоғары және арнаулы орта білім беретін оқу орындарымен байланыс орнату;

Әлеуметтік салада басты назар аударатын мәселелер: зейнеткерлер мен мүгедектердің, аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардың, аналар мен балалардың мүдделерін қорғауға бағытталған әлеуметтік кепілдіктерді пайдалануға жағдай жасау.

Елді мекендерде мемлекеттік бағдарламаларды пайдалана отырып, кәсіпкерлердің санын арттыруға;

- Ауылдағы мобильді байланыстың басқа да операторларының және интернет желісінің қосылуына;
- Жастар арасында өз кәсіптерін ашуға мүдделі жастарға қолдау көрсетуге атсалысамын.

(Материалдың жариялану ақысы облыстық бюджет қаражатынан төленді).

Ақтоғай ауданы, Абай ауылдық округі әкіміне үміткерлер Смагуов Нұрбол Нұрмбековичтің өмірбаяны және сайлауалды бағдарламасы



Смагуов Нұрбол Нұрмбекович–18.03.1980 жылы Ақтоғай селосында дүниеге келген. Ұлты қазақ. Білімі жоғары. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін және Қарағанды маңызды білім беретін «Болашақ» университетінің тәмамдаған. 1998 жылы СПК «Ақтоғайский» мекемесінде сантехник. 2001 жылы ЖШС «Энергия» мекемесінде электр-контролер. 2005 жылы Балқаш қалалық сотының бас маманы, сот отырысының хатшысы міндетін атқарушысы, Балқаш қалалық сотының бас маманы, сот отырысының хатшысы, 2006 жылдары Қарағанды облысы Соттар Әкімшісі Ақтоғай аумақтық сот орындаушылар бөлімінің сот орындаушысы, 2012 жылы Қарағанды облысы Соттар Әкімшісі

Ақтоғай аумақтық сот орындаушылар бөлімінің іс жүргізушісі, 2014 жылы Ақтоғай ауданы әкімі аппаратында көмекші жасы толмағандар жөніндегі инспектор, 2015 жылы кадр қызмет бөлімінің бас маманы міндетін атқарушысы, 2015 жылы кадр қызмет бөлімінің бас маманы, 2017 жылдан қазіргі уақытқа дейін кадр қызмет бөлімінің басшысы.

Отбасылы

Сайлаушылар – маған сенім білдірген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдылықтарын сақтай отырып, Сарытерек ауылдық округінде мемлекет жүргізіп отырған саясатқа сәйкес халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларының оңалуына өз күш-жігерімді жұмсаймын.

- Заңда бекітілген тәртіп бойынша округ тұрғындарының мүддесін қорғап, олардың талап-тілектерін жүзеге асыру;
- Бюджет қаржысының тиімді, мақсатты түрде жұмсалуды қамтамасыз ету;
- Мемлекеттік бағдарламалардың барлық артықшылықтарын пайдалана отырып, ауылдық округтің әлеуметтік – экономикалық жағдайын жақсарту;
- Ауылшаруашылығы тауар өндірушілерді ауылшаруашылық жаңа техникалармен қамтамасыз ету, әр шаруа қожалықтардың жаңа жобаларын енгізулерін бағыттау жү-

Ақтоғай ауданы, Абай ауылдық округі әкіміне үміткерлер Майлыбаев Ердос Рахметоллаұлының өмірбаяны және сайлауалды бағдарламасы



Майлыбаев Ердос Рахметоллаұлы 1972 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қарабұлақ ауылдық округінде дүниеге келдім. Білім жоғары. Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтын, мал дәрігері мамандығы бойынша аяқтадым. Еңбек жолын Ақтоғай ауданы, Айыртас округіне қарасты «Игілік» шаруа қожалығында бастадым. 1998-2000 жылдары Балқаш қаласында BalfarBitti-Mensel – Ағылшын-түрік фирмасында слесарь оператор болып жұмыс жасадым. 2002-2004 жылдары БГМК химия металлургия комбинатында күзет бөлімінде бақылаушы. 2005-2012 жылдары «Игілік» шаруа қожалығының жетекшісі. 2012-2015 жылдары «ҚР АШМ ВБҚК Ақтоғай аудандық инспекциясы» ММ-нің ветеринариялық бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы. Қазіргі уақытта Абай ауылдық округіне АӨК «Алаш-Агро» кооперативтің төрағасы жұмысын атқарып келемін.

Отбасылымын, 4 балам бар.

Құрметті сайлаушылар!

Маған сенім білдірген жағдайда, төмендегі бағдарламаны іске асыруға күш-жігерімді жұмсаймын;

- Абай жолының жөндеуінің сапалы жасалуына, қыс айларында округке қарасты мекендерге қарасты жол болуын қамтамасыз етуге;
- Ауыл ішіндегі тоқ желісінің қалыпты жұмыс жасауына;
- Мектепте бала санының азаюына жол бермеу мақсатында ауылға сырттан жастарды, көшіп келемін деген азаматтарды тартып, үймен қамтамасыз етуге жұмыс ұйымдастыруға;
- Клуб үйі, кітапхананың материалдық-техникалық базасын одан әрі жақсартуға, тиісті жұмыстарды ұйымдастыруға;
- Жұмысқа орналастыру деңгейін арттыру, жаңа жұмыс орындарын құруға жәрдем көрсету, жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамтудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша оқуға және қайта оқытуға, қоғамдық жұмыстарға, әлеуметтік жұмыс орындарына және жастар тәжірибесіне жіберуге;
- Ауылдық округ тұрғындарының басты табыс көзі төрт түлік мал болғандықтан, мал тұқымдарын асылдандырып, мемлекеттің қолдауларын сауатты пайдаланып, өнімдердің сапалы, мол, пайдалы өндіру үшін жаңашыл әрі ізденісті жұмыстар жасап, барды дамыта беруге күш салатын боламын;
- Ауылдық округте туындаған мәселелердің уақытылы және сапалы шешілуіне бар күш-жігерімді салатын боламын;
- Алға қойылған мақсаттарды жүзеге асыру үшін атқарушы биліктің де, ауылдық округтің барлық тұрғындарының да күш-жігерін біріктіру жолында еңбек жасайтын боламын. Мен ауыл бюджетінің шектеулі екенін түсінемін, сондықтан қосымша қаржыландыру көздерін іздеймін;
- Халықпен, жергілікті қауымдастықпен және кеңестермен тығыз байланыста болып, билік пен қоғам арасында тұрақты диалогты орнату арқылы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы бойынша жұмыс атқарамын.

Абай ауылының тұрғыны ретінде, ауылдастарыммен етене араласып жүргендіктен де ауыл тұрғындарының күн сайынғы қиындықтарын бір кісідей білемін. Жаңа Қазақстан идеясын іске асырамыз десек, аянбай еңбек етуіміз керек. Келіңіздер, сайлауға қатысыңыздар, менің қандтдатурамды қолдап дауыс беріңіздер!

(Материалдың жариялау ақысы облыстық бюджет қаражатынан төленді).

мыстарын ұйымдастыру;

- Мал шаруашылығын және өсімдік шаруашылығын дамытуға байланысты жұмыстар жүргізу;
- Көпжылдық шөптерді егу арқылы ең алдымен тозған жерлерді қалпына келтіру және ауылдық округ көлемінде игерілмей жатқан егістік жерлерді айналымға қайта енгізу. Жем-шөп базасын нығайту;
- Жұмыссыздар санын азайту бойынша жұмыстарын жүргізу;
- Шағын және орта бизнесті қолдау арқылы жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етіп, жұмыссыздықтың деңгейін төмендету бағытындағы жұмысты жандандыру;
- Тұрғындарының ауыз суға қатысты мәселелерді шешуге ықпал ету;
- Электр қуатын беру сапасын жақсарту, тозған электр желілерін айырбастау бойынша жұмыстар жүргізу. Жел күшімен және күн көзінен өндіретін қондырғыларды ауылдық округ аумағында кеңінен насихаттау және енгізу. Осы қондырғылар арқылы шаруа қожалықтарын электр қуатымен жабдықтау жұмыстарын жүргізу. Үнемдеу технологиясын енгізуге бағытталған кешенді жоспарын әзірлеу және іске асыру.
- Тұрғындарға сапалы медициналық көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыру. Азаматтардың сапалы медициналық емделуіне және ана мен бала денсаулығын сақтауда қолдау жасау;
- Өңірге мобильді байланыс, интернет жүйесін толық енгізуге күш салу;
- Оқушылардың сапалы білім алуы бойынша жұмыстарды жандандыру;
- Көмекке толмағандар арасында құқық бұзушылықты болдырмау, бұзақылықтың алдын алу;
- Бөтен діни ағымдардан жастарды сақтандыруда ата – ана, мектеп, құқық қорғау органдары, ауыл имамдарымен бірлесіп ықпалды жұмыс жүргізу;
- Жастар арасында өз кәсіптерін ашуға мүдделі жастарға мейілінше қолдау көрсету;
- Зейнеткерлер мен мүгедектердің, аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасылардың, аналар мен балалардың мүдделерін қорғауға бағытталған әлеуметтік кепілдіктерді пайдалануға жағдай жасау;
- Жастар арасында саламатты өмір салтын насихаттау, осыған орай ауылдық округте спорт түрлерін жандандыруға жан – жақты көмектесу, спорт және аула клубтарын ашу;
- Абай ауылдық округіне қарасты елді мекендерді көркейту, көшелердегі жарық мәселесін шешу жұмыстарын жүргізу;
- Бос тұрған үйлерді, ғимараттарды коммуналдық балансына алуды толық аяқтап, қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу.

(Материалдың жариялау ақысы облыстық бюджет қаражатынан төленді).

Қасіретті тағдыр – ұрпаққа сабақ

Қазақстан тарихының ең қайғылы беттерінің бірі - жаппай саяси қуғын-сүргін және миллиондаған адамның қаза болуына әкеп соққан ашаршылық.

Кенес билігінің солақай саясаты 1932-1937 жылдары қазақ даласында зұлмат заман тудырған еді. Анықталған деректерге сүйенсек, бізде 100 мыңнан аса адам нақақтан жазаланып, қуғын-сүргінге ұшырады. Соның 25 мыңы атылған екен. Оққа ұшқандардың дені қазақтың бетке ұстар, көшбастаушы, ағартушы, ұлттың көсемі болуға лайық Алаштың арда ұлдары еді.

Тіпті халық саны көп емес. Ақтоғай ауданында сол жылдары 235 адам жазықсыз жауапқа тартылған. Оған бірден бір себеп – Алаш қозғалысының көсемдері Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков және Жақып Ақбаевтың осы өңірдің тумалары болғаны.

Жантүршігерлік, әділетсіз оқиғалар қазақ ауылдарының талайында орын алғаны тарихи шындық. Осыған қарсылық ретінде қазақ жерінде 370-тен аса бұқаралық көтерілістер мен наразылық шаралары болған. Оның ішінде Абыралы, Созақ, Адай көтерілістері сияқты ірілерімен қоса Балқаш-Ақтоғай өңірінде өткен Тоқырауын көтерілісі де бар. Қан жосамен басылған ереуілдер туралы деректер егемендікке дейін өте құпия сақталды.

2020 жылдың 24 қарашасында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлыққа қол қойып, жедел комиссия жұмысын бастап кеткен еді. Бүгінде комиссия жинаған әртүрлі қуғын-сүргін санаттары бойынша құжаттар мен материалдар негізінде құрастырылған 31 томдық кітаптар Президентке таныстырылды. Осы бағыттағы жұмыстар жалғастырылуда.

Зұлмат кезеңде аталған, қатыгез қуғын-сүргін жантүршігерлік жайттардың айқын көрінісін кішкене ғана,

500 адамнан асар-аспас тұрғыны болған Ортадересін ауылының сол жылдардағы тағдырынан байқаймыз. Архивтерден табылған ресми құжаттардан білгеніміз: бір қылмыстық іс бойынша 1937 жылы жалған жаламен ортадересіндік 14 адам сотталып, оның 6-ы өлім жазасына кесілген. Осыған орай кейбір жайттарға аса көңіл аударғанды жөн санадық. Ондағы мақсатымыз:

– Сол кездегі жазалаушы органдардың (Кенес өкіметінің) құйтырқы саясатын, арам пиғылын, жымысқы істерін атап өту;

– Құрбан болған, кейін толық ақталған, кінәсіз әкелеріміздің адал атын ардақтау;

– Сол зымыян, қатыгез кезеңде де қарапайым ауыл адамдарының ішінен жеке басына төнер қауіптен қаймықпай, нақақтан жазаланған ауылдастарының еш кінәсіз болғанын көрсетіп, ақтауға жан салғанын көрсету. Ол әкелерімен ұрпақтары мақтана алатынын нақтылау;

– Жазықсыз құрбан болған әкелеріміздің жан жарларының 20 жылдай, танбай сұрау салып, ерлерінің ақталып, тірі келетініне сеніммен өткеніне иіліп тағзым ету;

Жауапқа тартып, іс жүргізгендер, ауылдастарымыздың тағдырын шешкен НКВД-ның жөндеттері көбіне басқа ұлттың өкілдері болған (Духович, Зайнулин, Никитин т.б.), қылмыстық іс тек орыс тілінде жүргізілген.

Біз әңгіме қылып отырған қылмыстық іс бойынша жалған жаламен жазаланып, сотталған 14 азаматты атап айтсақ, олар (құжаттар бойынша):

1. Джанабергенов Касанхан, Исин Ахмет, Айтжанов Қалай, Абильдинов Қасым, Байжұманов Амарғали, Иманбаев Қапас, Байжанов Бағорай, Шайкенов Жасембек, Молдаханов Қабжан, Махаманов Садық, Ибраев Абдрахман, Давлетпаков Ахметжан, Ильясов Шахабай, Рахимов Ильяс.

Оның 12-сі Ортадересіннің тумалары да, соңғы әкелі-балалы екеуі осы ауылдағы қосалқы шаруашылықтың қатардағы жұмыскерлері, Егіншілдік ауданының тумалары екен.

Бәрі де 1937 жылдың 20 желтоқсанында РСФСР-дің қылмыстық кодексінің 58-бабының 9, 10 және 11-тармақтары бойынша жауапқа тартылған. Тергеуді жаңа ғана бой көтеріп келе жатқан Балқаш қаласының ІХК (НКВД) бөлімшесі қозғаған. 7 күннен кейін қылмыстық іс Қарағанды қаласының ІХК (НКВД)-сына түсіп, ондағы «Үштік» жауапқа тартылғандардың алдыңғы 6-ын ату жазасына кесуге үкім шығарған. Бұл үкім 11 күннен кейін орындалған. Қалған 8-не 10 жылдан бас бостандығынан айырып, «концлагерьге» түрмеде отыруды кескен. Тергеу, сот құжаттарынан көріп, оқып, «Концлагерь» деген ұғымның неміс фашистерінде ғана емес Советтік мемлекетте де болған шындығын, жаның түршіге еріксіз мойындайсыз.

Жоғарыда аталған 6 азамат 1937 жылы іс қозғалғаннан кейін 18 күннің ішінде атылып кеткеніне қарамай, бөрінің іс-қағаздарында (для родственников – умер в 1942 году от гипертонии) деп жазылған. Сол кездегі Кенес өкіметінің өкілдері 1957 жылға дейін шындықты жақындарына айтпай, жасырып келген. Жиырма жыл бойы Исин Ахметтің жұбайы Исаева Ұлбөбек және Иманбаев Қапастың жұбайы Иманбаева Қамила шешелеріміз үміттерін үзбей, бармаған жері қалмай, барлық инстанцияларға сұрау салумен болған.

Айта кететін жайт: аталған адамдарды жауапқа тартқан кезде Ортадересін шаруашылығына қастандық жасады деген бастапқы жаламен қоса 5 жыл бұрын өткен Тоқырауын көтерілісіне (байское восстание делінген) қатысқандарын теліп, алдыңғы 6-ын атуға кескен.

Құжаттарды тереңірек зерттеу бары-

сында сол кезеңнің әлі де болса «сталиндік режимнің» қаһарының азаймай тұрғанына қарамай, ауылдастар арасынан нақаққа кеткендердің кінәсіз, таза екенін дәлелдеп, жиналыс та жасап, онда жазаланғандарды ақтап сөйлеген қарапайым ауыл азаматтары: Ақаев Сағат, Бөкіров Мәулен, Үмбетов Қабандарды және «тергеуші менің айтпағанымды өтірік жазыпты», – деген Мұқанов Мырзалиді, (кейінде елге сыйлы ақсақал болғандар, ол кезде қылшылдаған жас жігіттер) жүрек жұтқан батырлар екен дегің келеді.

Әрине, адамдардың бәрі бірдей емес, өкінішке орай, ел ішінде жауапқа тартылғандарды көрсетіп, жала жапқандарда бар еді. Ондай рөлді кейбіреуі өз ынтасымен атқарса, енді бірі ІХК (НКВД) жөндеттерінің зорлау, қинау қимылдарына шыдай алмағаны байқалады. Аттарын атамай-ақ қояйық. Жамандық ойлап, жала жапқандардың жазасы қайтсе де Алладан қайтатыны белгілі. Солай болды да.

Жоғарыда аттары аталған, жазаланған азаматтардың ісі 1957 жылы қайта қаралып, олар толығымен ақталды.

Осындай қуғын-сүргін кезеңінде жазаланып шейт болған немесе ұзақ жылдар түрмеге қамалған әкелерімізді ақтау, ардақтау, тағдырынан сабақ алу, азаматтық борышымыз.

Нақақтан жазаланып, құрбан болған ауыл азаматтарына Ортадересін ауылының бүгінгі тұрғындары, марқұмдардың ұрпақтары арнайы, ортақ құлпытас орнатып, кейінгі жеткіншектер біліп, тағзым етететін жағдай жасаса деген тілек білдіріп, оның орындалатынына үміттенеміз. Жазықсыз жазаланғандардың тағдыры кейінгі ұрпаққа сабақ. Мұндай іс-шара өлгендерге емес, тірілерге қажет.

Көпболсын Әбдікешұлы Бекмағанбет,

Қуат Әбдікешұлы Бекмағанбетов,
доғарыстағы полиция
полковниктері.



**РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ**

Алаш апталығы айлығы аясында ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның туған жерінде «Алаштың асыл ізімен» атты дала конференциясы танымдық рухани шарасы өтті.

Қазақ халқы өз алдына Егеменді ел етуді мақсат тұтқан кешегі Алаш арыстары «Алаш» партиясын құрып, ел игілігі үшін аянбай еңбек етті. Бүгінде өңірімізде түрлі шаралар ұйымдастырылып, жас ұрпаққа ұлт мүддесін жоғары қойған Әлихан Бөкейхан, Әлімхан Ермеков, Жақып Ақбай сынды зиялылардың еңбегі, өмір-өнегесі дәріптеліп келеді. Тәуелсіз елдің ұлдары бодандықтың бұғауында болған сол уақытты, барша халық арқа сүйеген оқыған, көзі ашық, көкірегі

Алаштың асыл ізімен

ояу зиялыларды мақтан тұтады. Қазақтың маңдайына біткен арда азаматтардың ерлігін үлгі тұтады.

Аудандық білім бөлімі, Ақтоғай археологиялық-этнографиялық музейі, аудандық кітапхана, жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен 17 сәуір және 17 мамыр аралығында «Алаш айлығы» болып өтті. Шара барысында қатысушылар аудандағы Талдыбейіт, Бегазы, Желтау, Жекежал сынды тарихи жерлерді аралап, рухани мағлұматтар алды.

Алаш зиялыларының тарихын, халқына сіңірген еңбектерін дәріптеп, өскелең ұрпақтың бойында отансүйгіштік қасиет қалыптастыруды мақсат еткен тағылымды іс-шаралардың қорытынды есебінде ұлт көсемі Ә.Бөкейханның ата-анасы, туыстары жерленген «Талды бейіт» қорымында құрбан бағышталып, Жекежал қыстағы, Қасым қорасында дала

конференциясы өтті. Конференция жұмысына өлке-танушы Т.Мұқан арнайы қатысып, оқушылармен маңызды деген ақпараттармен бөлісті.

– Осыдан бір ғасыр бұрын құрылған «Алашорда» үкіметінің аңсаған арманы – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан. Қазақтың кең байтақ даласы, рухани байлығы Алаш зиялылары бізге аманаттаған құнды байлығымыз. Қазақ үшін жанын құрбан еткен арыстардың рухы алдындағы адалдық, перзенттік парыз Алаштың аманатын бойға сіңіріп, соған лайық еңбек ету. Алаш қайраткерлері қалыптастырған ұлт-тық сананы жаңғырту – бүгінгі тәуелсіздігімізді тұғырлы етер, ұлтты біріктіруші идея ретінде қашан да қазақ елімен бірге жасайды, – дейді Т.Мұқан.

Н.Өміржанова,
Ауданның жастар ресурстық
орталығының маманы.

Сенім телефоны

Ақтоғай ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 8(71037)2-16-34 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

«Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжі» КМҚК ұжымы колледждің оқытушылары Айбосын Қуанышқа ағасы, Сейсекеев Ернұрға нағашысы **Рахымберлі Әділбайдың** қайтыс болуына байланысты отбасыларына, туған-туысқандары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады

Құттықтаймыз!



Қызыларай орта мектебінің ұлағатты ұстазы, құрметті әріптесіміз **Мұқашев Жексебі!**

Сізді 63 жасқа толған мерейлі күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Сіз өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарайтын, тындырымды да тыңғылықты азаматсыз. Осы қырыңызбен де ұжымда үлкен сый-құрметке ие болған азаматсыз. Зейнеткерлік жасыңыз құтты болсын. Әрдайым бақ-дәулет, ырысыңыз асып, көрер қызықтарыңыз кемерінен тасып, денсаулығыңыз мықты болсын. Тірлігіңіздің тынысы – бала-шаға қызығын көріп, гасыр жасаңыз деген тілек айтамыз.

Ән-өлеңмен көркейсін өміріңіз,
Жабықпасын ешқашан көңіліңіз.
Алар асу көп болсын алар жаста,
Орындалсын жолдаған тілегіміз.

Ақ тілекпен: Қызыларай орта мектебінің ұжымы.




Құрметті көршіміз **Бақша Мәжікенқызы,** Сізді зейнеткерлік жасқа шығуыңызбен құттықтаймыз. Сізге бүгінгі мерейтойыңызда зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілейміз. Сізге жарқын да мағыналы өмір, кіршіксіз көңіл, қызыққа толы

ғұмыр кешіп Кентай екеуіңіз шөбере қолынан май жалаңыздар. Әркез ортамызда аман жүріп қызық-қуанышымызды бірге тойлайық.

Ізгіліктің нұрын шашып маңайға,
Асыл жансыз үлгі борлар талайға.
Жақсылықты өзіңізден көп көрген,
Ұмытпайды көршілеріңіз қалайда.

Ізгі тілекпен: көршілеріңіз – Тәбәрік-Оркен, Мүкәрәм-Камел, Сағат-Бақытгүл, Алтынғазы-Сәуле, Жаңагүл, Жанар, Қайрат-Торғын, Ернат-Мәнишүк, Еркебұлан-Әсем, Фибрат-Лаура, Нұржан-Балжан.



Ардақты ана, аяулы жар **Бақшагүл Жақыпбекова!**

Сізді зейнеткерлік жасқа толған мерей жасыңызбен құттықтаймыз. Осы қуанышты күні сізге шаңырағыңызға ырыс байлығын, өмірдің қуанышты күндерін тілейміз. Әрдайым жақсы

күндеріңіз көп болсын, бал-шаға қызығы мен туған-туыс, дос-жарандарыңыздың ыстық ықыласына бөлене беріңіз деген ақ тілегімізді білдіреміз.

Құтты болсын зейнеткерлікке келген жасыңыз,
Қуаныштың кемерінен тасыңыз.
Әрқашанда мықты болып, денсаулық,
Қажымастын жүзге қадам басыңыз.

Ізгі тілекпен: Мейрамгүл, Әйкерім, Серікбол

Құттықтаймыз!

Құрметті **Төлепбеков Төлеуқан!**

Сізді 70 жас мерей тойыңызбен және **Санжардың** азамат болуымен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге зор денсаулық, мол бақыт, ұзақ ғұмыр тілейміз. Алла берген ұрпақтарыңызбен тамырын тереңге жайған бәйтеректей жастырақтарыңыз жайқала берсін.

Құдай қосқан жарыңыз **Ырысжан** екеуіңіз бір жастықта қараюыңызға Аллам нәсіп етсін.

Құтты болсын 70-ке келген жасыңыз,
Домаласын өрге қарай тасыңыз.

Ағайын, туған, көршілер ортасында,
Күліп-ойнап, жүзге келсін жасыңыз.

Ақ ниетпен: көршілеріңіз – Шәріп, Шәмшия, Ырзық, Дарига, Мұрат, Бағдат, Өмен, Ербол, Доклад, Бақымай, Айбектің отбастары.



Құрметті **Төлеубек Серік!**

Сізді асқаралы 60 жасқа толған мерей жасыңызбен құттықтаймыз. Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, еңбегіңізге табыс тілейміз. Отбасында бала-шаға, немере-шөбере қызығын қызықтап, Бибігүл апаймен бірге шөберенің

қолынан май жалаңыз. Әрдайым сый құрметтің төрінде болыңыз.

Құтты болсын қуанышты күніңіз,
Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз.
Алпыстыңда асқарына жеттіңіз,
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.

Ізгі тілекпен: әріптестеріңіз – Шынар, Жарқын, Заңғар, Айжан



Құрметті көршіміз **Серік Төлеубеков!**

Сізді адам өмірінің айтулы бір белесі асқаралы 60 жасқа толған туған күніңізбен құттықтаймыз.

Осы өмір жолында қажырлы да, қайратты еңбегіңіздің арқасында, халықтың, көршілердің сый-құрметіне бөлініп, бала-шаға өсіріп, ұрпақтарыңыз өркендеп, ағайын-туыс арасында лайықты орын алып келе жатқандығыңыз, әрине толайым бір бақыт. Өміріңіз келісті болсын.

Асқар таудай биік болсын тұғырыңыз,
Жетсінші жүректерге жыр үніміз.
Бар бақытын еңбегіңмен орнектеген,
Секе, сіздің ұзақ болсын ғұмырыңыз.

Ізгі тілекпен: көршілеріңіз – Кәукен тәте, Тәбәрік-Оркен, Мүкәрәм-Камел, Сағат-Бақытгүл, Алтынғазы-Сәуле, Жаңагүл, Жанар, Қайрат-Торғын, Ернат-Мәнишүк, Еркебұлан-Әсем, Фибрат-Лаура, Нұрхан-Балжан



Құттықтаймыз!



Құрметті көршілеріміз **Алтынғазы-Сәуле!**

Сіздердің адам өмірінің айтулы белесі 60-жасқа толған мерейтойларыңмен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздерге мықты денсаулық, отбасылық бақыт тілейміз. Сол Алла берген қуаттың арқасында бала-шаға, немере-шөбере ортасында бірге қол ұстасып гасыр жасаңыздар. Жүздеріңізден күлкі, жандарыңыздан мейірім шуағы төгіліп, көршілігіміз жарасып, әр қызығымызды бірге тойлай берейік.

Әрқашанда бақыттарыңыз ортаймасын,
Жүздеріңізден ешқашан нұр таймасын.
Қуаныш, шаттық орнап отбасында
Шаңырақта тек қана той тойлансын.

Ізгі тілекпен: көршілеріңіз – Мүкәрәм-Камел, Кентай-Бақша, Тәбәрік-Оркен, Жанар, Жаңагүл



Құрметті құдамыз **Төлепбеков Төлеуқан!**

Сізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Ш а ң ы р а ғ ы ң ы з д а шаттық пен қуаныш көп болсын, бала-шаға немерелеріңіздің қызығына тоймай, Алланың назарында, бақыттың базарында болғайсыз деп тілейміз. Ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық нәсіп етсін. Әрдайым жүзіңіз нұрға толып, ағайын-туыс ортасында абыройға бөлене беріңіз.

Мерейтой мерекелі құтты болсын,
Бойда қайрат, денсаулық, қуат берсін.
Өмірде арманыңыз орындалып,
Бала-шаға, отбасыңыз аман болсын.

Ізгі тілекпен: құда-құдағыңыз – Асхат-Ардақ және балалары.



Құрметті де қадірлі бауырымыз **Бақшагүл Жақыпбекова!**

Сізді зейнеткердік жасқа толған мерейлі күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге мықты денсаулық, бақытты күндер тілейміз. Әрдайым бақ-дәулет, ырысыңыз артып, көрер қызықтарыңыз кемерінен тасып, ізгі мұраттарыңызға жете беріңіз. Тіршілігіңіздің тынысы бала-шаға, немерелеріңіздің ортасында баянды ғұмыр кешіңіз. Әулетіңіздің тірегі Бөкеңмен бірге гасыр жасаңыз.

Жанұяда бақыт, шаттық орнасын,
Бала-шаға, туыстарың тойласын.
Жүзге толып, мерейің үстем болып,
Бағың жанып, аман болсын отбасың.

Ақ тілекпен: Жақыпбеков отбасы.



Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: “Актоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 850 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Актоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81.

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.